

**Павлодар облысының білім беру басқармасы
Ақсу қаласы білім бөлімінің «Жамбыл орта мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
білім саласындағы өзін-өзі бағалау материалдары**

Өзін-өзі бағалау қорытындысының құрылымы мен мазмұны

1. Білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы

Білім беру ұйымының толық атауы: Павлодар облысының білім беру басқармасы, Ақсу қаласы білім беру бөлімінің «Жамбыл орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Білім беру ұйымының орналасқан жері: 140109, Павлодар облысы, Ақсу қаласы, Мәмәйт Омаров атындағы ауылы, Ш. Арғынбаев көшесі, 1 ғимарат

Заңды тұлғаның байланыс деректері: жұмыс телефоны 87183741020, 7183741021 эл.адрес: jambyl@bilimaksu.edu.kz
Мектеп сайты: <http://jambyl.bilimaksu.edu.kz/>

Заңды тұлғаның байланыс деректері: Ақтаева Бижамал Шакеновна, 11.01.2021 жылы қайта тағайындау бұйрығы №5-03/47, ұялы телефон номері:87056070003

Құқық белгілейтін және құрылтайшылық құжаттары: БСН 941040000730, 11.01.2021 ж., Павлодар облысы қаржы басқармасының 05.01.2021 жылғы №1 бұйрығы (Жарғысы)

Рұқсат беру құжаттары: 09.02.2021 жыл № KZ63LAA00022832(лицензия)

2. Кадрлық құрамға талдау

жылы	Педагогтер саны	Жоғары білімді	%	Ар. Орта білімді	%	сырттай	%	магистр	%
2021-2022	32	30	94%	2	6%	0		2	6%
2022-2023	32	30	94%	2	6%	1	3%	3	9%
2023-2024	33	30	91%	3	9%	1	3%	3	9%

	барлығы	жоғары	орта-арнаулы	Жоғары білімді %
Бастауыш сынып мұғалімдер	4	3	1	75%
Жалпы орта білім беретін мұғалімдер	29	27	2	93%

Санаттары бойынша үлесі:

жылы	Педагогтер саны	Жоғары, Педагог-зерттеуші	I Педагог-сарапшы	II Педагог-модератор	санатсыз	Сапа көрсеткіші
2021-2022	32	10	9	8	5	59%
2022-2023	32	9	7	10	6	50%
2023-2024	33	10	6	10	7	50%

Педагог кадрлардың сапалық құрамы Нормативтік-құқықтық базаға сәйкес келеді, бұл оқу-тәрбие үдерісін тиімді жүзеге асыруға, педагогикалық шығармашылықты дамытумен, зерттеу жұмысымен айналысуға мүмкіндік береді. Соңғы үш оқу жылында сандық құрам бойынша мектептің педагогикалық кадрлары тұрақты (2021-2022 жыл-32 мұғалім, 2022-2023 жыл – 32мұғалім, 2023-2024 жыл – 33мұғалім). Педагог қызметкерлердің білім деңгейі 3 жыл ішінде жоғары білімі бар педагогтардың 93% болуымен сипатталады. Педагогикалық кадрлардың оқыту жүктемесі заңнамалық нормаларға

және педагогтардың сұраныстарына сәйкес келді. 2023-2024 оқу жылы мектепте барлығы 33 мұғалім жұмыс атқаруда, онын ішінде, педагогтарға теңестірілгендер 1 психолог, 1 әлеуметтік педагог, 1 тәлімгер, 1 спорт нұсқаушісі және 2 жұмысты қоса атқаратын педагог бар. Жоғары білімді мұғалім – 28 (90%). 2023-2024 оқу жылында 33 мұғалімнің педагог-зерттеушісі - 9 (28%), педагог-сарапшы – 6(19%), педагог-модератор - 10(31%), жоғары санатты-1(3%), екінші санатты -1(3%), санатсыз – 7 (19%), оның ішінде 1 мұғалім зейнеткер, 1 мұғалім жас маман, 2 мұғалім санаттары төмендетіліп қалған. Қосымша жұмыс жасайтын мұғалімдер саны-2, ұлдарға көркем еңбек пәнінен сабақ беретін мұғалім Иргебаев А.К. (4 сағат) және домбыра үйірмесінің жетекшісі Уалиев К.Ж.(4 сағат)

Басшылардың аттестаттаудан өткені туралы:

№	Аты -жөні	лауазымы	санаты	алды/ растады	жылы
1	Темиралина Г.Б.	Оқу ісінің меңгерушісі	Екінші санатты басшының орынбасары	алды	2021
2	Мустафанова Б.М.	Оқу ісінің меңгерушісі	Екінші санатты басшының орынбасары	алды	2021
3	Амиржанова А.Б.	Тәрбие ісінің меңгерушісі	Үшінші санатты басшының орынбасары	алды	2021
4	Зейнелхабдыл А.	Тәрбие ісінің меңгерушісі	Үшінші санатты басшының орынбасары	алды	2022

2020-2021 оқу жылында «Павлодар облысы білім беру басқармасы» аттестатталушы білім беру ұйымының басшы орынбасарларына Темиралина Г.Б. және Мустафанова Б.М. «Екінші санатты басшының орынбасары» біліктілік санаттарын беру туралы бұйрық (№2-02/227, 28.05.2021ж).

2020- 2021оқу жылында «Павлодар облысы білім беру басқармасы» аттестатталушы білім беру ұйымының басшы орынбасары Амиржанова А.Б. «Үшінші санатты басшының орынбасары» біліктілік санаттарын беру туралы бұйрық (№2-02/227, 28.05.2021ж).

2021-2022 оқу жылында «Ақсу қаласының білім беру бөлімінің» ММ аттестатталушы білім беру ұйымының басшы орынбасары Зейнелхабдыл А. «Үшінші санатты басшының орынбасары» біліктілік санаттарын беру туралы бұйрық (№1-04/555, 22.12.2021ж).

Оқу –көмекші персонал

№	Аты -жөні	лауазымы	санаты	алды/ растады	жылы
1	Озкей Нурбакыт	Педагог-психолог	Педагог-модератор	алды	2020
2	Аскер Улжан	Әлеуметтік педагог	Педагог-модератор	алды	2023
3	Атаханова Т.Б.	Аға тәлімгер	Педагог-модератор	алды	2023
4	Ахтанов Д.С.	Спорт нұсқаушісі	Екінші санатты	алды	2018

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты жолдауында берілген тапсырмасын орындау мақсатында үш жылда кемінде бір рет педагогтердің біліктілігін арттыруға қатысты «Білім туралы» және «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңдарына өзгерістер енгізілді. Осыған орай пән мұғалімдерінің үш жылда бір рет білімін жетілдіру курсынан өтуі қадағаланып отырылды.

Педагогтардың біліктілік арттыру бойынша мәлімет

Оқу жылы	2020-2021	2021-2022	2022-2023
Педагогтер саны	7	11	17

2020-2021 оқу жылы 7 мұғалім (22%), 2021-2022 оқу жылы 11 мұғалім (34%), 2022-2023 оқу жылы 17 мұғалім (53%) біліктілік арттыру курстардан өтті.2023-2024 оқу жылы 4 педагогта біліктілік арттыру курс сертификаттары мерзімі өткен(2018,2019,2020 жылдары өткен) Себебі курс ұйымдастырылған кезде аз орын берілуіне байланысты.Осы мұғалімдерге алдын -ала білім бөліміне біліктілік арттыру курсқа бару үшін өтінім хат жіберілген. Жалпы 88% педқызметкерлер курстан өткен.

Басшылардың біліктілік арттыру курс бойынша мәлімет

№	Аты-жөні	лауазымы	тақырып	Орны, өткен жылы
1	Актаева Бижамал Шакеновна	Мектеп директоры	Қазақстан Республикасы жалпы білім беру ұйымдары басшыларының біліктілігін арттыру бағдарламасы бойынша курс.	ПШО, 2018
2	Темиралина Гулнара Болатовна	Оқу ісінің меңгерушісі	1. Қашықтан басқару, білім беруді цифрландыру жағдайында оқу үдерісін тиімді басқару және конструктивті жоспарлаудың негізі ретінде 2. Мектепті басқарудағы инновациялық менеджмент	АО НЦПК «Өрлеу», 2021, 80 сағат ПШО, 2022ж, 430 сағат
3	Мустафанова Бахытгуль Муритовна	Оқу ісінің меңгерушісі	Білім берудегі менеджмент	АО НЦПК «Өрлеу», 2023, 80 сағат
4	Амиржанова Акерке Бейсенбековна	Тәрбие ісінің меңгерушісі	Білім беру ұйымдарында жағымды тәрбие ортасын қалыптастыру	АО НЦПК «Өрлеу», 2023, 40 сағат
5	Зейнелхабдыл Аскар	Тәрбие ісінің меңгерушісі	Білім беру ұйымдарында жағымды тәрбие ортасын қалыптастыру	АО НЦПК «Өрлеу», 2023, 40 сағат

Мектеп директоры Актаева Б.Ш. 2018 жылы басшылардың 9 айлық деңгейлік курстан өткен, 2023 жылы биология пәні бойынша біліктілігін арттырған, басшы ретінде 2024 жылдың сәуір айына біліктілік курсына жазылды

3 жылғы Олимпиада, Зерде, Ғылыми жоба

(ҚАЛАЛЫҚ НӘТИЖЕ КӨРСЕТКІШІ)

Конкурс атауы	2021-2022 оқу жылы	2022-2023 оқу жылы	2023-2024 оқу жылы (наурызға дейін)	Жетекшісі
5-6 сынып	1.Ахман Айдана	1.Имашхан Әйгерім	1.Дәулетбекқызы Айзере	Маканова К.К.

оқушыларына арналған пән олимпиадасы	<p>II орын «Ағылшын тілі» 2.Бейсенбаев Елжас I орын (жаратылыстану) 3.Молдыбаев Ануар I орын (орыс тілі мен әдебиеті) 4.Ракишева Айнура II орын (Қазақстан тарихы)</p>	<p>I орын (қазақ тілі мен әдеб.) 2.Молдыбаев Ануар I орын (орыс тілі мен әдебиеті) 3.Жанибекұлы Ұлан III орын (жаратылыстану) 4.Арғынұлы Елдар III орын (математика)</p>	<p>II орын (Қазақстан тарихы) 2.Сетербай Нүртілеу III орын (математика) 3.Зимбай Жадыра (Ағылшын тілі)</p>	<p>Нурумова А.Б. Темиралина Г.Б. Темиргалиева Г.К. Амиржанова А.Б. Казахбаева Б.У. Сагитжанова Ш.Б. Самархан Е.</p>
7-8 сынып оқушыларына арналған пән олимпиадасы			<p>1.Зейкен Адия (Қазақ тілі мен әдебиеті) 2.Назетхан Даурен (Қазақ тілі мен әдебиеті) 3.Әділбекқызы Меруерт (Қазақ тілі мен әдебиеті)</p>	<p>Маканова К.К. Зейнелхабдыл А. Атаханова Т.Б.</p>
7-8 сынып оқушылар арасында жасөспірімдер олимпиадасы		<p>1. Ерен Ералы II орын (Қазақстан тарихы) 2.Тилеухан Темірлан III орын (Қазақстан тарихы)</p>	<p>1.Дәулетбекқызы Айдана III орын (химия)</p>	<p>Нурумова А.Б. Самархан Е. Ахтанов Т.С.</p>
9-11 сынып оқушыларына арналған олимпиадасы	<p>1.Жанибекқызы Ляззат I орын (Қазақстан тарихы) 2.Өсерхан Ақжол III орын (қазақ тілі мен әдебиеті)</p>	<p>1.Ерен Сабит I орын (Қазақстан тарихы) 2.Хуспан Ақерке III орын (физика)</p>	<p>1.Хуспан Назерке III орын (Қазақстан тарихы) 2.Ерен Ералы III орын (Қазақстан тарихы)</p>	<p>Нурумова А.Б. Самархан Е. Темиргалиева Г.К. Темиргалиев Ж.Т.</p>

	3.Назетхан Сауле III орын (биология)	3.Дорбетхан Аружан III орын (Ағылшын тілі)		Амиржанова А.Б. Мустафанова Б.М.
Зерде зерттеу жұмыстары мен шығармашылық жобалар	4.Ерен Ералы I орын (химия,биология) 5.Имашхан Әйгерім II орын (тіл білімі) 6.Ахман Айдана III орын (тіл білімі) 7.Бэрхболұлы Нұрбол I орын (этномәдениеттану) 8.Құрманғазы Нұрмахамбет II орын (қазақ тілі мен әдеб.)	1.Сакен Аймира II орын (қазақ тілі мен әдеб.) 2.Тілеубек Аян II орын (медицина) 3.Тилеухан Аяулым II орын (ағылшын тілі) 4.Арғынұлы Елдар I орын (математика) 5.Жанибекұлы Ұлан II орын (жаратылыстану) 6.Құрманғазы Нұрмахамбет I орын (қазақ тілі мен әдеб.) 7.Дорбетхан Нұртөре III орын (қазақ тілі мен әдеб.)	1.Ахман Айдана III орын (математика) 2.Дорбетхан Нұртөре III орын (тіл білімі) 3.Кошкимбаева Балым, 4.Хусман Ақұлпа (ән-күй)	Ахтанов Тимур Сабитович Минап Галия Мухташ Харлығаш Мустафанова Бахытгуль Муритовна Авайхан Жанибек Хуанган Дария Казахбаева Б.У. Тимиралина Гулнара Болатовна Амиржанова Акерке Бейсенбековна Зейнелхабдыл Аскар Слай Хуаниш
Ғылыми жоба	1.Хуспан Назерке II орын (биология) 2.Баймұхамет Ақнұр		1.Әділбекқызы Марал III орын (орыс тілі мен әдебиеті)	Амиржанова Акерке Бейсенбековна Сагитжанова

	<p>II орын (математика) 3.Ерен Сабит</p> <p>II орын (тарих) 4.Енсегенқызы Назерке</p> <p>III орын (тіл білімі)</p>			<p>Шолпан Балтабаевна Жумагулова Амина Серикбековна Нурумова Алия Бекжигитовна Маканова Куралай Кенжебиковна</p>
«Жарқын болашақ» қазақ тілі олимпиадасы		<p>1.Хусман Назерке I орын (білгірлер бәйгесі)</p> <p>2.Бэрхболұлы Нұрбол III орын (сөз шеберлері)</p>		<p>Маканова К.К. Мустафанова Б.М.</p>
8-11 сынып оқушыларына арналған Гуманитарлық олимпиада	<p>1.Авайхан Аягөз I орын (қазақ тілі мен әдебиеті, Қазақстан тарихы)</p>	<p>1.Хуспан Назерке I орын (қазақ тілі мен әдебиеті, Қазақстан тарихы)</p>		<p>Мустафанова Бахытгуль Муритовна Маканова Куралай Кенжебиковна Самархан Еркегүл Нурумова Алия Бекжигитовна</p>
Математика пәнінен 3-4 сыныпқа		<p>1.Сакен Аймира I орын</p>		<p>Минап Галия</p>

арналған «Алтын сақа»		2.Дорбетхан Нұртөре II орын		
2-4 сынып оқушыларына арналған математикалық турнир			1.Сакен Аймира II орын	Минап Галия

**3 жылғы байқаулар, шығармашылық оқулар
(ҚАЛАЛЫҚ НӘТИЖЕ КӨРСЕТКІШІ)**

Конкурс атауы	2021-2022 оқу жылы	2022-2023 оқу жылы	2023-2024 оқу жылы (наурызға дейін)	Жетекшісі
Абай оқулары	1.Дорбетхан Аружан I орын 2.Өсерхан Ақжол I орын 3.Хуспан Назерке III орын			Мустафанова Бахытгуль Муритовна Маканова Куралай Кенжебиковна
Махамбет оқулары		1.Бэрхболұлы Нұрбол I орын		Мустафанова Бахытгуль Муритовна
Мұқағали оқулары	1.Енсегенқызы Назерке I орын	1.Хусман Назерке I орын	1.Хусман Назерке I орын	Маканова Куралай Кенжебиковна
Әбіш оқулары	1..Енсегенқызы Акерке			Мустафанова

	Бас жүлде			Бахытгуль Муритовна
Ақберен байқауы	1.Дорбетхан Аружан I орын	1.Хуспан Назерке III орын	1.Бэрхболұлы Нұрбол I орын	Мустафанова Бахытгуль Муритовна
Мәшһүр оқулары		1.Дорбетхан Аружан I орын		Мустафанова Бахытгуль Муритовна

3 жылғы Олимпиада, Зерде, Ғылыми жоба

(ОБЛЫСТЫҚ НӘТИЖЕ КӨРСЕТКІШІ)

Конкурс атауы	2021-2022 оқу жылы	2022-2023 оқу жылы	2023-2024 оқу жылы (наурызға дейін)	Жетекшісі
5-6 сынып оқушыларына арналған олимпиада		1.Имашхан Әйгерім I орын (қазақ тілі мен әдеб.)		Маканова Куралай Кенжебиковна
9-11 сынып оқушыларына арналған олимпиада	1.Жанибекқызы Ляззат III орын (Қазақстан тарихы)			Нурумова Алия Бекжигитовна
Зерде зерттеу жұмыстары мен шығармашылық жобалар	1.Ерен Ералы III орын (химия,биология)	1.Сакен Аймира Құрмет грамотасы (қазақ тілі мен әдеб.)		Ахтанов Тимур Сабитович Минап Галия

<p>Сырттай оқу мектебі шағын олимпиадасы</p>	<p>1.Өсерхан Ақжол III орын (қазақ тілі мен әдеб.) 2.Авайхан Аягөз III орын (қазақ тілі мен әдеб.) 3.Ерен Сабит II орын (Қазақстан тарихы) 4.Жанибекқызы Ляззат II орын (Қазақстан тарихы) 5.Дорбетхан Аружан II орын (Қазақстан тарихы)</p>			<p>Мустафанова Бахытгуль Муритовна</p> <p>Самархан Еркегүл</p> <p>Нурумова Алия Бекжигитовна</p>
<p>«Жас кемеңгер» сырттай оқу мектебі олимпиадасы</p>	<p>1.Арғынбекұлы Бақтөре III орын (жаратылыстану) 2.Солтанатұлы Темірлан III орын (қазақ тілі мен әдеб.) 3.Бейсенбаев Елжас III орын (қазақ тілі мен әдеб.)</p>	<p>1.Ракишева Айнура II орын (жаратылыстану) 2.Жанибекұлы Ұлан III орын (жаратылыстану) 3.Дорбетхан Бақтөре III орын (жаратылыстану) 4.Имашхан Әйгерім III орын (қазақ тілі мен әдеб.)</p>		<p>Амиржанова Акерке Бейсенбековна</p> <p>Маканова Куралай Кенжебиковна</p> <p>Зейнелхабдыл Аскар</p>
<p>«Жарқын болашақ» қазақ</p>		<p>5.Хусман Назерке III орын</p>		<p>Маканова Куралай Кенжебиковна</p>

тілі олимпиадасы		(білгірлер бәйгесі)		
8-11 сынып оқушыларына арналған Гуманитарлық олимпиада	1.Авайхан Аягөз I орын (қазақ тілі мен әдебиеті, Қазақстан тарихы)	1.Хуспан Назерке I орын (қазақ тілі мен әдебиеті, Қазақстан тарихы)		Мустафанова Бахытгуль Муритовна Маканова Куралай Кенжебиковна Самархан Еркегүл Нурумова Алия Бекжигитовна
Математика пәнінен 3-4 сыныпқа арналған «Алтын сақа»		1.Сакен Аймира III орын		Минап Галия
«Тәуелсіздік ұланы» төсбелгісі	1.Дорбетхан Аружан (Сертификат)	1.Ерен Ералы (Сертификат)		

3 жылғы байқаулар, шығармашылық оқулар

(ОБЛЫСТЫҚ НӘТИЖЕ КӨРСЕТКІШІ)

Конкурс атауы	2021-2022 оқу жылы	2022-2023 оқу жылы	2023-2024 оқу жылы (наурызға дейін)	Жетекшісі
Абай оқулары	1.Дорбетхан Аружан II орын			Мустафанова Бахытгуль Муритовна
Махамбет оқулары		1.Бэрхболұлы Нұрбол III орын		Мустафанова Бахытгуль Муритовна
Мұқағали оқулары	1.Енсенгенқызы Назерке II орын	1.Хусман Назерке III орын	1.Хусман Назерке I орын	Маканова Куралай Кенжебиковна

Әбіш оқулары	1.Енсегенқызы Акерке II орын			Мустафанова Бахытгуль Муритовна
Ақберен байқауы		1.Дорбетхан Аружан II орын	1.Бэрхболұлы Нұрбол III орын	Мустафанова Бахытгуль Муритовна
Мәшһүр оқулары	1.Дорбетхан Аружан III орын			Мустафанова Бахытгуль Муритовна

3 жылғы Олимпиада, Зерде, Ғылыми жоба
(РЕСПУБЛИКАЛЫҚ НӘТИЖЕ КӨРСЕТКІШІ)

Конкурс атауы	2021-2022 оқу жылы	2022-2023 оқу жылы	2023-2024 оқу жылы (наурызға дейін)	Жетекшісі
5-6 сынып оқушыларына арналған олимпиада		1.Имашхан Әйгерім III орын (қазақ тілі мен әдеб.)		Маканова Куралай Кенжебиковна

3 жылғы байқаулар, шығармашылық оқулар
(РЕСПУБЛИКАЛЫҚ НӘТИЖЕ КӨРСЕТКІШІ)

Конкурс атауы	2021-2022 оқу жылы	2022-2023 оқу жылы	2023-2024 оқу жылы (наурызға дейін)	Жетекшісі
Абай оқулары		1.Дорбетхан Аружан II орын		Мустафанова Бахытгуль Муритовна
Әбіш оқулары		2.Енсегенқызы Акерке II орын		Мустафанова Бахытгуль Муритовна
«Абай әлемі» шығармашылық байқауы	1.Дорбетхан Аружан II орын			Мустафанова Бахытгуль Муритовна
Елбасы медаль	1.Жанибекқызы Ляззат			

	(Қола медаль) 2.Дорбетхан Аружан (Қола медаль)			
«Тарих ата» қашықтық олимпиадасы	1.Ерен Ералы I орын 2.Ерен Сабит II орын 3.Веселова Ксения II орын	1.Ерен Ералы I орын 2.Еркінбекқызы Фатима I орын 3.Атаханова Мадина II орын 4.Зейкен Адия II орын 5.Дорбетхан Бәктерә II орын		Самархан Еркегүл Нурумова Алия Бекжигитовна
«Ақбота» зияткерлік олимпиадасы	4	27 (жаратылыстану)	7 (гуманитарлық)	
«Кенгуру» интеллектуалдық ойын-конкурсы	2	5	10	

Өлшемшарттардың 2-қосымшадағы «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалауға арналған өлшемшарттардың»

1.3 тармағының зияткерлік олимпиадалар мен конкурстарға қатысу нәтижелері : Республикалық зияткерлік олимпиадалар мен конкурстар жеңімпаздарының, жүлдегерлерінің 3 жылдың үлесі: - жалпы білім беретін мектептер үшін 35% жалпы білім алушылар контингентіне жетеді;Өңірлік немесе облыстық зияткерлік олимпиадалар мен конкурстар жеңімпаздарының, 3 жылдың жүлдегерлерінің үлесі:

- жалпы білім алушылар санынан жалпы білім беретін мектептер үшін 25%-құрады, демек,«ortasha») бағамен бағаланады

Оқу кезеңдері	жалпы қатысқан оқушылар саны	қалалық	облыстық	республикалық
2021-2022 оқу жылы	60	22	15	12
2022-2023 оқу жылы	60	25	13	39
2023-2024 оқу жылы	68	17	2	17

3. Білім алушылардың контингенті

2021-2022 оқу жылында 1-11-ші сынып оқушыларын оқытуды жүзеге асырылды. Оқу жылының басында 13 сынып-комплектісі, оның ішінде 193 оқушы құрады. 1-4 сынып аралығында 5 сынып-комплект, 82 оқушы, 5-9 сынып аралығында 6 сынып-комплект, 96 оқушы, 10-11 сынып аралығында 2 сынып-комплект, 15 оқушы.

2022-2023 оқу жылында 1-11-ші сынып оқушыларын оқытуды жүзеге асырылды. Оқу жылының басында 13 сынып-комплектісі, оның ішінде 187 оқушы құрады. 1-4 сынып аралығында 4 сынып-комплект, 65 оқушы, 5-9 сынып аралығында 7 сынып-комплект, 105 оқушы, 10-11 сынып аралығында 2 сынып-комплект, 17 оқушы.

2023-2024 оқу жылында 1-11-ші сынып оқушыларын оқыту жүзеге асырылуда. Оқу жылының басында 13 сынып-комплектісі, оның ішінде 196 оқушы құрады. 1-4 сынып аралығында 4 сынып-комплект, 73 оқушы, 5-9 сынып аралығында 7 сынып-комплект, 101 оқушы, 10-11 сынып аралығында 2 сынып-комплект, 22 оқушы.

Мектептің негізгі міндеттерінің қатарында білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі басымдылығын жүзеге асыру – білімнің қолжетімділігі мен сапасын қамтамасыз ету, оқу үдерісі субъектілерінің білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыру болып табылады.

2023-2024 оқу жылында 13 сынып комплектісі. Сыныптардың орташа жинақталуы -15 білім алушыны құрайды. Мектепте (наурыз айына дейінгі) -196 оқушы, оның ішінде қыздар –103, ұлдар –93 .

Оқу жылдыры	Сынып саны	Оқушы саны	Бастауыш мектеп	Негізгі мектеп	Жоғарғы мектеп
2021-2022	13	193	82	96	15
2022-2023	13	187	65	105	17
2023-2024(наурызға дейін)	13	196	73	101	22

Жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының 1-ші, 10-шы сыныптарына білім алушыларды қабылдау білім беру ұйымының қызмет көрсету аумағында тұратын білім алушылардың қолжетімділігін қамтамасыз ете отырып және білім алушының жеке өтінішінің не олардың ата-аналарының немесе өзге де

заңды өкілдерінің өтінішінің және негізгі орта білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжатының негізінде жүзеге асырылады. Мектептен келген – кеткен оқушылардың анықтамалары толық жинақталған.

**Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың оқыту кезінде
инклюзивті білім беру талаптарын сақтау.**

2023-2024 оқу жылы мектепте бір отбасынан ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушыларға жататын екі оқушы: 9 сыныпта Туребаев Нурлан Нурлыбекович және 6 Ә сыныпта Жумабекова Жанэль Нурлыбековна.

Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысы білім беру басқармасының «Облыстық психологиялық-медициналық – педагогикалық кеңес беру» КММ 01 маусымдағы 2022 жылы берілген психологиялық – медициналық-педагогикалық консультацияның қорытындысы бойынша Туребаев Нурлан Нурлыбекович , 9 сынып білім алушысында ПМПК қорытындысы: Пограничная интеллектуальная недостаточность. Оқу бағдарламасы бейімделген (адаптированная) жалпы орта білім беретін мектептерге арналған. Қорытындысы 2022 жылдың 1 маусымда алынған, жарамды 2024 жылдың мамыр айына дейін.

Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысы білім беру басқармасының «Облыстық психологиялық-медициналық – педагогикалық кеңес беру» КММ 18 тамыздағы 2022 жылы берілген психологиялық – медициналық-педагогикалық консультацияның қорытындысы бойынша Жумабекова Ж.Н. , 5 Ә сынып білім алушысы арнайы жеңіл түрде бұзылыстары бар оқу бағдарламасы бойынша оқытылады. ПМПК қорытындысы: Жеңіл түрдегі зияттың бұзылуы. (Легкое нарушение интеллекта)

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығы (өзгертулер 2022 жылғы 12 тамыз) негізінде арнайы жоспар бекітілді

Инклюзивті оқытылған оқушылар туралы сандық мәлімет:

2021-2022 оқу жылында	2022-2023 оқу жылында	2023-2024 оқу жылында
3	2	2

Даму бұзушылықтарын түзету және әлеуметтік бейімделуі үшін қажетті жағдайларды жасалуын растайтын құжаттары жинақталып, оқушылармен жүргізілген жеке жұмыс жоспары құрылған. Ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушылар отырған сыныбында дәріс беретін пән мұғалімдерінің құжаттары жинақталған. Инклюзивті оқитын оқушыға сабақ беретін пән мұғалімдері кестесіне сай аталған оқушылармен жұмыстар жүргізілген. Осылайша, білім беру ұйымында инклюзивті оқу үшін түзету - дамыту және әлеуметтік бейімделулеріне сай жағдай жасалды. Мектеп психологы және пән мұғалімдері осы балаларға жылулық пен қамқорлықты сездіріп, ата – анасымен тығыз байланыста.

4. Оқу-әдістемелік жұмыс

2023-2024 оқу жылы

Жұмыстық оқу жоспары оқыту қазақ тілінде жүргізілетін жаңартылған білім беру мазмұны бойынша мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің оқу үрдісін ұйымдастыру мақсатында құрылды. 2023-2024 оқу жылында білім беру ұйымдары білім беру процесін ұйымдастыру кезінде «Білім туралы» заң, «Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың 2023-2024 оқу жылындағы ерешеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хат және келесі нормативтік құжаттар негізінде жүзеге асыруы тиіс:

– «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі – МЖМБС) (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы;

– «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» ҚР МП 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы (2022 жылғы 12 тамыздағы № 365, 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412, 2023 жылғы 18 тамыздағы №264 бұйрықтарға енгізілген өзгерістерімен және толықтыруларымен) ;

– «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығы);

– «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік ережелерін бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығы);

– «Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығы).

I. 1-4 бастауыш сатыда элективті курстар есебінен.

Оқушылардың ойлау қабілетін жетілдіру, математикалық сауаттылығын дамыту үшін «Математика және логика» факультатив курсы аптасына 1 сағаттан және 2-ші сыныпта білім алушылардың оқу сауаттылығын дамыту, жазу каллиграфиясын қалыптастыру мақсатында «Көркем жазу» факультатив курсы аптасына 1 сағат енгізілді.

II. 5-9 сыныптарда негізгі сатыда элективті курстар есебінен.

2023-2024 оқу жылында үлгілік оқу жоспарының вариативтік компонентіне 5-11 сыныптардағы «Жаһандық құзыреттілік» курсы енгізілді.

Жаһандық құзыреттілік жаһандандудың қарқынмен дамып келе жатқан ықпалына, жедел әлеуметтік, экономикалық және технологиялық өзгерістерге, сондай-ақ адамдарға, мәдениет пен ұлттарға жаппай әсер ететін басқа да маңызды жаһандық мәселелерге байланысты ерекше мәнге ие болады. Курстың мақсаты: Жаһандық азаматтық құзыреттілікке ие бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру. Курс бес бірлікті қамтиды: «Парасаттылық және этика», «Азаматтық және патриотизм», «Медиасауаттылық және қаржылық сауаттылық», «Тіршілік қауіпсіздігі», «Экологиялық мәдениет» 5-8 сыныптарда аптасына 0,5 сағаттан, 9-сыныпта «Зайырлылық және дінтану» юниті аптасына 1 сағат қосымша енгізілді. Мектептің материалдық-техникалық жабдықталуына байланысты (шеберхана ұлдар және қыздарға арналған болуы) 5-9 сыныптарда көркем еңбек пәні сабақтары оқушылардың толымдылығына қарамастан ұл және қыз балалар топтарына бөлінеді.

III. 10-11 сыныптарда элективті курстар есебінен.

«Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» пәні кәсіпкерлік саласының негізгі ұғымдары мен заңдарын зерделеуге, білім алушылардың іскерлік ойлауын қалыптастыруға, белсенді өмірлік ұстанымды таңдауға, қазіргі жағдайда болашақта өз бетінше өмір сүруге арналған дағдыларды қалыптастыруға 10-11 сыныптарда аптасына 1 сағаттан енгізілді. ҚР Оқу-ағарту министрінің 30.09.2022 № 412 бұйрығы негізінде, оқушылардың сауаттылық дағдыларын қалыптастыру мақсатында 10-11 сыныптарда «Физикадан есептерді шешу әдістері» тақырыбында элективті курс енгізілді, аптасына 1 сағаттан.

Білім алушыларға белгілі мәселе бойынша өз пікірін айтуға және дәлелдеуге, сұрақ бойынша өзінің түсінігін, ойын айту, мәселені талқылау және шындықты табуға үйрету, эссе жазудың тиімді жолдарын меңгерті және оқу сауаттылығын қалыптастыру мақсатында электив курстар есебінен 10-11 сыныптарда «Эссе жазудың тиімді жолдары» курсы енгізілді.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығы негізінде мектепте екі лицей сыныптар бар.

Лицей сыныптардың негізгі мақсаттары мен міндеттері:

1) жоғары деңгейлі мәдениетті, қоғам өміріне бейімделген, кәсіптік білім беру бағдарламаларын саналы түрде таңдауға және меңгеруге дайын зияткер тұлғаны қалыптастыру;

2) жалпы орта білім берудің жалпы білім беру бағдарламаларын сапалы меңгеру үшін неғұрлым қабілетті және дайындығы жоғары оқушыларға оңтайлы жағдай жасау;

Лицейлерге білім алушылардың таңдауы бойынша факультативтерге және қосымша курстар ұйымдастыруға әр сыныпқа 4 сағат есеппен, сондай-ақ әр сыныпқа үйірмелер ұйымдастыру үшін мұғалімдерге 0,25 ставка бөлінеді, осыған байланысты :

6Л сыныбында «Робототехника негіздері» және «Дәрілік өсімдіктер», 8 Л сыныбында «Физикадан эксперименталды есептер шығару» , «Робототехника негіздері» атты таңдау курстар енгізілді аптасында 2 сағаттан және мектептің материалдық-техникалық жабдықталуына байланысты «Домбыра», «Асық ату» үйірмелер аптасына 2 сағаттан берілді.

2023-2024 оқу жылының оқу жоспарына 3 қаңтар күні 2024 жылы өзгерістер енгізілді. Оқу жылының басында 3 А сыныбында 18 білім алушы болды, 18 қыркүйек күні бір оқушы келді (Шаяхметова Арайлым Бекболатовна), 19 желтоқсан күні тағы бір оқушы келді (Серик Айдана). Сонымен контингент саны көбейді. Білім алушылар саны 21 болды.

Қазақстан Республикасы оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты негізінде 3 сынып (21 білім алушы) келесі сабақтарында екі топқа бөлінеді:

- 1) Шетел тілі бойынша;
- 2) Цифрлық сауаттылық бойынша;
- 3) Орыс тілі бойынша.

1-4-сыныптарда "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" оқу курсы міндетті меңгеру қамтамасыз етіледі. Оқу курсының мазмұнын 1-4-сыныптарда "Дүниетану" оқу пәнінің шеңберінде: жылдық оқу жүктемесі 1-3-сыныптарда 6 сағаттан, 4-сыныпта 10 сағаттан бастауыш сынып мұғалімдері іске асырады.

"Өмір қауіпсіздігінің негіздері" оқу курсының мазмұны 5-9-сыныптарда дене шынықтыру оқу курсының аясында 15 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен дене шынықтыру мұғалімінің оқытуымен іске асырылады. "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" бойынша сабақтар міндетті болып табылады және оқу процесі кезінде жүргізіледі.

"Жолда жүру ережелері" оқу курсының мазмұнын 1-4-сыныптарда әрбір сыныпта 6 сағаттан сынып сағаттары есебінен және сабақтан тыс уақытта сынып жетекшілері жылдық жұмыс жоспарында тақырыптары мен мерзімін көрсете отырып, іске асырады.

"Жол қозғалысы ережелері" оқу курсы 5-8-сыныптарда сыныптан тыс уақыттарда және сынып сағаты есебінен 10 сағат көлемінде жүргізіледі, сынып журналының жеке бетінде сабақтың тақырыбы мен сабақтың өткізілген күні көрсетіліп жазылады.

Сыныптардың оқу жүктемесі Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 05 тамыздағы «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» № ҚР ДСМ-76 (өзгертулері 5 сәуір 2023 жылғы) қаулысына сәйкес құрылды.

2022-2023 оқу жылы

Бұл жұмыстық оқу жоспары оқыту қазақ тілінде жүргізілетін жаңартылған білім беру мазмұны бойынша мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің оқу үрдісін ұйымдастыру мақсатында құрылды. 2022-2023 оқу жылында білім беру ұйымдары білім беру процесін ұйымдастыру кезінде «Білім туралы» заң, « Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың 2022-2023 оқу жылындағы ерешеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хат және келесі нормативтік құжаттар негізінде жүзеге асыруы тиіс:

– «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі – МЖМБС) (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы);

– «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» ҚР МП 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы (2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрықпен енгізілген өзгерістерімен және толықтыруларымен) ;

– «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығы);

– «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік ережелерін бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығы);

– «Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығы).

I. 1-4 бастауыш сатыда элективті курстар есебінен.

Оқушылардың ойлау қабілетін жетілдіру, математикалық сауаттылығын дамыту үшін « Математика және логика» факультатив курсы аптасына 1 сағаттан енгізілді.

II. 5-9 сыныптарда негізгі сатыда элективті курстар есебінен.

2022-2023 оқу жылында үлгілік оқу жоспарының вариативтік компонентіне 5-11 сыныптардағы «Жаһандық құзыреттер» курсы енгізілді.

Жаһандық құзыреттер жаһанданудың қарқынмен дамып келе жатқан ықпалына, жедел әлеуметтік, экономикалық және технологиялық өзгерістерге, сондай-ақ адамдарға, мәдениет пен ұлттарға жаппай әсер ететін басқа да маңызды жаһандық мәселелерге байланысты ерекше мәнге ие болады. Курстың мақсаты: Жаһандық азаматтық құзыреттілікке ие бәсекеге

қабілетті тұлғаны қалыптастыру. Курс бес бірлікті қамтиды: «Парасаттылық және этика», «Азаматтық және патриотизм», «Медиа сауаттылық және қаржылық сауаттылық», «Тіршілік қауіпсіздігі», «Экологиялық мәдениет» 5-8 сыныптарда аптасына 0,5 сағаттан, 9-сыныпта «Зайырлылық және дінтану» юниті аптасына 1 сағат қосымша енгізілді. Мектептің материалдық-техникалық жабдықталуына байланысты (шеберхана ұлдар және қыздарға арналған болуы) 5-9 сыныптарда көркем еңбек пәні сабақтары оқушылардың толымдылығына қарамастан ұл және қыз балалар топтарына бөлінеді.

III. 10-11 сыныптарда элективті курстар есебінен.

«Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» пәні кәсіпкерлік саласының негізгі ұғымдары мен заңдарын зерделеуге, білім алушылардың іскерлік ойлауын қалыптастыруға, белсенді өмірлік ұстанымды таңдауға, қазіргі жағдайда болашақта өз бетінше өмір сүруге арналған дағдыларды қалыптастыруға 10-11 сыныптарда аптасына 1 сағаттан енгізілді.

Білім алушыларға олардың жеке қызығушылықтары мен бейімділіктерінің дамуын қамтамасыз ететін пәндерді таңдау құқығын ескере отырып, оқушылардың болашақ мамандығына қатысты пәндерді таңдауына сай электив курстар есебінен 11 сыныпта «Көшпелілер тарихи мұрасы» курсы енгізілді. Типтік оқу жоспарына сәйкес алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәніне 10 сыныпта «Жас сарбаз» курсына 1 сағат берілді.

Қазақстан Республикасы оқу- ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты негізінде 2 сынып (21 оқушы):

- 1) Шетел тілі бойынша;
- 2) Цифрлық сауаттылық бойынша;

Және орыс тілінде жүргізілмейтін сыныптарда орыс тілі сабақтарында екі топқа бөлінеді.

Қазақстан Республикасы оқу- ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты негізінде 9 сынып (20 оқушы):

- 1) Шетел тілі бойынша;
- 2) информатика бойынша;

Және орыс тілінде жүргізілмейтін сыныптарда орыс тілі сабақтарында екі топқа бөлінеді.

1-4-сыныптарда "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" оқу курсы міндетті меңгеру қамтамасыз етіледі. Оқу курсының мазмұнын 1-4-сыныптарда "Дүниетану" оқу пәнінің шеңберінде: жылдық оқу жүктемесі 1-3-сыныптарда 6 сағаттан, 4-сыныпта 10 сағаттан бастауыш сынып мұғалімдері іске асырады.

"Өмір қауіпсіздігінің негіздері" оқу курсының мазмұны 5-9-сыныптарда дене шынықтыру оқу курсының аясында 15 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен дене шынықтыру мұғалімінің оқытуымен іске асырылады. "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" бойынша сабақтар міндетті болып табылады және оқу процесі кезінде жүргізіледі.

"Жолда жүру ережелері" оқу курсының мазмұнын 1-4-сыныптарда әрбір сыныпта 6 сағаттан сынып сағаттары есебінен және сабақтан тыс уақытта сынып жетекшілері жылдық жұмыс жоспарында тақырыптары мен мерзімін көрсете отырып, іске асырады.

"Жол қозғалысы ережелері" оқу курсы 5-8-сыныптарда сыныптан тыс уақыттарда және сынып сағаты есебінен 10 сағат көлемінде жүргізіледі, сынып журналының жеке бетінде сабақтың тақырыбы мен сабақтың өткізілген күні көрсетіліп жазылады.

Сыныптардың оқу жүктемесі Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 16 тамыздағы «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» № 611(өзгертулері 5 тамыз 2021 жылғы) қаулысына сәйкес құрылды.

2021-2022 оқу жылы

Оқу жоспары оқыту қазақ тілінде жүргізілетін жаңартылған білім беру мазмұны бойынша мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің оқу үрдісін ұйымдастыру мақсатында құрылды. 2021-2022 оқу жылында білім беру ұйымдары білім беру процесін ұйымдастыру кезінде «Білім туралы» заң, « Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың 2021-2022 оқу жылындағы ерешеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хат және келесі нормативтік құжаттар негізінде жүзеге асыруы тиіс: «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі – МЖМБС) ҚР БҒМ (бұдан әрі – ҚР БҒМ) 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы (өзгерістермен және толықтырулармен 2020 жылғы 28 тамыздағы №372 бұйрық); «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығы (өзгерістермен және толықтыруларымен 2020 жылғы 27 қарашадағы № 496с бұйрық); – «Оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің, оқу құралдарының және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық тасымалдау құралдары

тізбесін бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2021 жылғы 10 маусымдағы №286 бұйрығы); Мектептегі оқу процесі таңдап алынған Үлгілік оқу жоспарлары негізінде жүргізіледі. Үлгілік оқу жоспарлары ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген (2021 жылғы 26 наурыздағы № 125 бұйрықпен енгізілген өзгерістерімен және толықтыруларымен) және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 20 тамыздағы №415 бұйрығы негізінде алынған.

Мектепалды даярлық сыныптарында білім беру процесі: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты; ҚР БҒМ 2012 жылғы 12 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары 1-қосымша (2018 жылғы 10 қазандағы № 556 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген); ҚР БҒМ 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламалары негізінді жүзеге асырылады.

I. Мектепалды даярлық сыныптарында оқу жоспарының вариативті сағат есебінен балалардың жаңа ортаға психологиялық жақтан бейімделуін қамтамасыз ету мақсатында «Өлкетану», логикалық ойлауын дамыту мақсатында «Логика әлемінде», «Оригами» таңдау курстары енгізілген.

II. 1-4 бастауыш сатыда элективті курстар есебінен.

Оқушылардың ойлау қабілетін жетілдіру, сауаттылығын дамыту, жазу каллиграфиясын қалыптастыру мақсатында 2-4 сыныптарда «Сандар әлемі», «Көркем жазу», «қызықты математика» курстары (1сағ) енгізілді. 4 сыныпта бір оқушы үйден оқытылады, оқу жоспары нормативтік құжаттарға сай жоспарланды. Оқу жоспары оқыту қазақ тілінде жүргізілетін үйде жеке тегін (арнайы оқу бағдарламалар бойынша) оқытатын бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарына сай әзірленген. (Бұйрық № 215, 26 наурыз 2021 жылы)

III. 5-9 сыныптарда негізгі сатыда элективті курстар есебінен.

2021-2022 оқу жылында вариативтік компонент сағаттарының есебінен «Жаһандық құзыреттіліктер» курс енгізілді. Аталған курс білім алушылардың 21 ғасыр дағдыларын қалыптастыруға көмектеседі. «Жаһандық құзыреттіліктер» (аптасына 1 сағат) курсына: - 5-сыныпта «Парасаттылық және әдеп»; - 6-сыныпта «Экология»; - 7-сыныпта «Эмоционалды интеллект және сыни ойлау»; - 8-сыныпта «Медиасауаттылық»; - 9-сыныпта «Зайырлылық және дінтану негіздері» жатады.

Сезімдік-эмоционалдық санасы мен эстетикалық талғамын қалыптастыру, ұлттық ойындарды насихаттау, оқушылардың сымбатты дене бітімін қалыптастыру мақсатында «Сымбат», «Логикалық ойындар» курс факультативтер және оқушылардың ғылыми-техникалық шығармашылығын дамыту мақсатында «Физика заңдылықтары» курс факультатив сабақтарына сағаттар берілді.

IV. 10-11 сыныптарда элективті курстар есебінен.

Білім алушыларға олардың жеке қызығушылықтары мен бейімділіктерінің дамуын қамтамасыз ететін пәндерді таңдау құқығын ескере отырып, оқушылардың болашақ мамандығына қатысты пәндерді таңдауына сай электив курстар есебінен 10-11 сыныптарда «Көшпелілер тарихи мұрасы», «Математикалық сауаттылық», «Экология және қоршаған орта», «Физика заңдылықтары» курстары, Абайдың шығармашылығын толық игертіп, поэзия құдіретін таныту, ақын шығармаларын әлем әдебиетімен салыстыра білуге үйрету мақсатында «Абайтану» курсы енгізілді. Типтік оқу жоспарына сәйкес алғашқы әскери дайындық және технологиялық дайындық пәніне 10 сыныпта «Жас сарбаз» курсына 1 сағат берілді.

Жаратылыстану- математикалық бағыттағы 11 сыныпта тереңдетілген деңгейдегі 2 міндетті пән ретінде «Физика» және «Биология» 4 сағаттан жалғастырылуда, стандарттық деңгейдегі 11 сыныпта «Кәсіпкерлік және бизнес» 2 сағат жалғастырылуда. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 2 мамырдағы №182 бұйрығының негізінде «51-тармақта көрсетілген пәндерден басқа инвариантты компонент пәндері бойынша сабақтар өткізу кезінде білім алушылар санына қарамастан, қалалық, ауылдық білім беру ұйымдарында, шағын жинақты мектептерде рұқсат етіледі.» 11 сыныпты екі топқа бөліп география және химия сабақтарына 4 сағаттан бөлінді.

1-4-сыныптарда "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" оқу курсы міндетті меңгеру қамтамасыз етіледі. Оқу курсының мазмұнын 1-4-сыныптарда "Дүниетану" оқу пәнінің шеңберінде: жылдық оқу жүктемесі 1-3-сыныптарда 6 сағаттан, 4-сыныпта 10 сағаттан бастауыш сынып мұғалімдері іске асырады.

"Өмір қауіпсіздігінің негіздері" оқу курсының мазмұны 5-9-сыныптарда дене шынықтыру оқу курсының аясында 15 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен дене шынықтыру мұғалімінің оқытуымен іске асырылады. "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" бойынша сабақтар міндетті болып табылады және оқу процесі кезінде жүргізіледі.

"Жолда жүру ережелері" оқу курсының мазмұнын 1-4-сыныптарда әрбір сыныпта 6 сағаттан сынып сағаттары есебінен және сабақтан тыс уақытта сынып жетекшілері жылдық жұмыс жоспарында тақырыптары мен мерзімін көрсете отырып, іске асырады.

"Жол қозғалысы ережелері" оқу курсы 5-8-сыныптарда сыныптан тыс уақыттарда және сынып сағаты есебінен 10 сағат көлемінде жүргізіледі, сынып журналының жеке бетінде сабақтың тақырыбы мен сабақтың өткізілген күні көрсетіліп жазылады.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты негізінде 2 сынып (22 оқушы) :

- 1) оқыту орыс тілінде жүргізілмейтін сыныптарда орыс тілі бойынша;
- 2) шетел тілі бойынша;

- 3) цифрлық сауаттылық бойынша;
- 4) өзін-өзі тану сабақтарында екі топқа бөлінеді

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты негізінде 5-9 сыныптар үшін: 6 сынып (23 оқушы)):

- 1) оқыту орыс тілінде жүргізілмейтін сыныптарда – орыс тілі мен әдебиеті;
- 2) шетел тілі;
- 3) көркем еңбек;
- 4) информатика;
- 5) дене шынықтыру сабақтарын екі топқа бөліп жүргізіледі.

Сыныптардың оқу жүктемесі Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017жылғы 16 тамыздағы «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» № 611(өзгертулері 5 тамыз 2021 жылғы) қаулысына сәйкес құрылды.

Бекітілген үш жылдық оқу жоспарларына сәйкес сабақ кестелері жасалып бекітілген.

«Жамбыл орта мектебі» КММ 2021-2023 оқу жылы бойынша тәрбие жұмысына талдау

Мектептегі тәрбие бағыты: Жалпыадамзаттықты бойына сіңірген адал және жасампаз тұлға, ұлттық мұраны қастерлеп, Отаншылдық пен жауапкершілігі мол тұлға тәрбиелеу тәрбие бағытындағы басты ұстанымдардың бірі.

Тәрбие жұмысын ұйымдастыруда

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы «15» сәуірдегі №145 бұйрығына 2- қосымша, Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес оқу-тәрбие жүйесі білім берудің барлық деңгейлерінде бірыңғай идеологиялық және құндылықтар тәсілдеріне құрылады. Тәрбие жұмыстары барлық ынталы тараптар: отбасы, білім беру ұйымдары, қоғамның кең ауқымда қатысуымен кешенді түрдегі бірлескен жұмыс.

Мектептің тәрбие жұмысы төмендегі нормативтік-құқықтық құжаттарға негізделіп жасалады.

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығы негізінде 2019-2024 жылдарға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерін іске асыруды ұйымдастыру;
- Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған

мемлекеттік бағдарламасына сәйкес оқу-тәрбие жүйесі білім берудің барлық деңгейлерінде бірыңғай идеологиялық және құндылықтар тәсілдеріне құрылады. Тәрбие жұмыстары барлық ынталы тараптар: отбасы, білім беру ұйымдары, қоғамның кең ауқымда қатысуымен кешенді түрде жұмыс жүргізу;/ Мектеп оқушыларының Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы аясында;

Білім мазмұнын жаңарту жағдайында балалар мен оқушы жастарды тәрбиелеудің идеологиясы мен стратегиясын анықтау;

- Қазақстан Республикасының азаматтары және патриоттары ретінде қалыптасуы мен өзін-өздері танытуларына, әлеуметтенуіне, болашақ мамандық иесі болып, кәсіби, интеллектуалды және әлеуметтік шығармашылыққа жетуіне оңтайлы жағдай жасау.
- Адами капиталдың сапасын жақсарту мақсатында жастар патриотизм тәрбиелеуге және мұғалімдердің сана-сезімін жаңғыртуға аса мән береді.

Іске асыру тетіктері

- Білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламаларын, Тәрбиенің кешенді бағдарламасын, Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын, барлық үлгідегі, деңгейдегі және меншік түріндегі білім беру ұйымдарында оқу бағдарламалары мен оқулықтарды, тәрбие бағдарламаларын әзірлеуде Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері негіз болады.

Орта білім беру ұйымдарында тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудың нормативті-құқықтық базасы келесідей құжаттарға сәйкес жүргізіледі:

1. «Бала құқығы туралы» БҰҰ Конвенциясы;
2. Қазақстан Республикасының Конституциясы;
3. «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі. 26 желтоқсан 2011 жыл;
4. «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы Заңы;
5. «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-IV Заңы;
6. «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 02 шілдедегі №169VI Заңы;
7. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңы;
8. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысымен бекітілген Қазақстан

Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;

9. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері.
10. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 1 қазандағы №525 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері.

2021-2022 оқу жылында мектебіміздің тәрбие жұмысы 8 бағыт бойынша жүзеге асырылды.

Мектепшілік тәрбие жоспарының тақырыбы: «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық патриоттық идеясы мен патриоттық актісін жүзеге асыру негізінде жас ұрпақты ұлттық құндылықтарға баули отырып, үйлесімді, дені сау және дамыған бәсекеге қабілетті тұлға тәрбиелеу.

Міндеттері:

1. Оқушы- Ата- ана-Мектеп үш одақтың байланысын нығайту.
2. Құқық бұзушылықтың, есірткі мен ішімдіктің, жол- көлік жарақатының алдын- алу шараларын жүзеге асыру.
3. Өз білімін жетілдіру арқылы, тәжірибе алмасу семинарлары арқылы, өзара тәрбиелік іс- шараларға қатысу арқылы, педагогтардың біліктілігін арттыру.
4. Педагогтардың белсенділігін арттыру, әдістемелік мәдениетін қалыптастыру және дамыту мақсатында, әдістемелік күн, семинар, тәжірибе презентациясын әдістемелік бірлестіктің отырысында өткізу.
5. Жалпы адами және ұлттық құндылықтар мен шындыққа негізделген адамның лайықты өмірі (адалдық, құрмет, парасаттылық);
6. Өз өмірінің, қажеттіліктерінің және өзінің «Менін» басқа адамдармен байланыстырудың мәнін ұғыну;
7. Жергілікті қоғамдастықты жақсарту үшін белсенді қызметке тарту;

Тәрбие тұжырымдамасының негізінде төмендегі бағыттар жүзеге асырылды.

- Патриоттық сананы қалыптастыру
- Рухани-адамгершілік даму
- Ұлттық тәрбие

- **Отбасылық тәрбие**
- **Еңбектік, экономикалық және экологиялық тәрбие**
- **Интеллектуалдық тәрбие және ақпаратық мәдениет**
- **Көп мәдениеттілік және эстетикалық-шағырмашылық тәрбие**
- **Салауатты өмір салтын қалыптастыру**

Тәрбие жұмыстарының оқу жылы барысында жүзеге асырылуына сандық және сапалық талдау жасалынды.

1. Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің педагогикалық мүмкіндігі.
2. Әлеуметтік статусы бар білім алушылар мен тәрбиеленушілердің әлеуметтік жағдайына талдау. (*Қамқоршылықтағы, қорғаншылықтағы және патронаттық тәрбиедегі*)
3. Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің ерекше контингентіне талдау жасау. (*«қатер», «тәуекел» тобындағы білім алушылар мен тәрбиеленушілер, ОДН, МІЕ*).
4. Сыныптардың рейтингі.
5. Ата-аналармен байланыс барысы.
6. Тәрбие жұмыстарының бағыттары бойынша орындалу көрсеткіші.

1. Әлеуметтік статусы бар білім алушылар мен тәрбиеленушілердің әлеуметтік жағдайына талдау.

Жамбыл орта мектебінде 2021-2022 оқу жылы бойынша білім алушылар мен тәрбиеленушілер контингентінің әлеуметтік жағдайына сараптама жасалынды. Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің ішінде 1-11 сынып арасында 53 оқушы ЖББҚ тегін тамақтанады.

2. Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің ерекше контингентіне талдау жасау. (*«қатер», «тәуекел» тобындағы білім алушылар мен тәрбиеленушілер, ОДН, МІЕ*).

Мектепішілік «Тәуекел» тобында тұрған оқушы: 4 «Ә» сынып оқушысы Бақыт Оналған және 8 сынып оқушысы Төребаев Ислам тәртібіне байланысты «Тәуекел» тобында тұр.

3. Сыныптардың рейтингі.

- Сабаққа қатысу көрсеткіші (себепті, себепсіз категориясы бойынша, кешігу);

- Оқушы формасын сақтау;
- Күнделік жағдайына бақылау жасау;
- Сыныптардың іс-шараларға қатысуы

2021-2022 оқу жылы бойынша сабақты көп босатқан оқушылар тіркелген жоқ. Оқушылардың сабаққа қатысуы, денсаулығына байланысты және отбасы жағдайымен сұрану сияқты фактілер анықталды. Оқу жылының басынан бастап оқушылар дәстүрлі форматта оқыды. Әр оқушы сабаққа келу барысында температурасы тексеріліп, санитарлық талаптарға сай мектепке тексеріліп кіргізілді. Оқушылардың маска тағуы үнемі бақылауда болды.

Оқушылардың формасы бойынша ескертпелер болған жоқ. Карантиндік шараларға байланысты оқушылар өздеріне ыңғайлы формада киінді.

Оқушылардың күнделігін тексеру, сынып жетекші тарапынан аптасына 1 рет, тәрбие ісі жөніндегі орынбасар жағынан тоқсанына 1 рет тексеру мектепшілік бақылау жоспарына енген. Осы бойынша талдауға тоқталсақ, оқушы күнделігінің мерзімімен толуы, үй тапсырма мазмұны, тазалығы, мұғалімдердің аты-жөнінің дұрыс жазылуы, сынып жетекші тарапынан тексерілуі, ата-ана қолданының уақытында қойылуы қадағаланады. Ерекше тазалығы және толтырылуымен көзге түскен сыныптар 3 «А», 4 А, 8 А, 10 Л, сыныптары. Толтырулары жағынан толық емес 5 сынып, 7 Л, 6 Л, сыныптарынан байқауға болады. Күнделіктері таза емес, толтырылуы толық емес, үй тапсырмасын жазбаған. Осындай кемшіліктерді байқауға болады. Кемшіліктері бар сынып жетекшілерге жою үшін уақыт берілді. Сол уақыт ішінде кемшіліктер жойылды. 2021-2022 оқу жылында іс-шаралар дәстүрлі форматта (оффлайн) өткізілді. Оқушылар ұйымдастырылған іс-шараларға белсенді қатысты.

5. Ата-аналармен байланыс барысы.

Оқу жылы барысында, осы уақытқа дейін 4 мектепшілік және жоспардан тыс ата-аналар жиналыстары қашықтықтан және оффлайн форматта ұйымдастырылды. Сонымен қатар Республикалық «Сенімен болашақ» ата-аналар комитетімен кездесу ұйымдастырылды. Сұранысты қажет ететін ата-аналарға психолог тарапынан кеңестер берілді. Аз қамтамасыз етілген және әлеуметтік жағдайы төмен оқушыларға көмек көрсету үшін ата-аналар комитетінің басшылары жиналып, спонсорлық көмек көрсету жөнінде жиындар өткізілді.

6. Тәрбие жұмыстарының бағыттары бойынша орындалу көрсеткіші.

6.1 Патриоттық сананы қалыптастыру

Мақсаты: Патриоттық сананы қалыптастыру

Міндеттері: патриоттық құндылықтарға саналы оң қарым-қатынасты қалыптастыру; белсенді азаматтық ұстанымды іске

асыруға ұмтылуды қалыптастыру; Отанды: Қазақстанның мәдениетін, тарихын, фольклорын, салт-дәстүрлерін сүйеге және құрметтеуге тәрбиелеу; мемлекеттік рәміздерді білуді насихаттау; елдің жетістіктері үшін жуапкершілік пен мақтаныш сезімін дамыту

- ҚР Тәуелсіздігінің 30 жыл толуына орай «Тәуелсіздік жетістіктері» тақырыбында 1 қыркүйек күні сынып сағаттары өткізілді.

-Әр айдың 5-і күні дәстүрлі түрде «Адалдық» сағаттары өткізіліп отырды..

- **«Менің Туым» жобасы** аясында Тәуелсіздік күніне орай және жоспар бойынша іс-шаралар тұрақта түрде ұйымдастырылып отырды.

-«Менің өлкемнің тарихы» 1 сынып оқушыларын мектеп мұражайына саяхатқа апарылды.

-«Мәңгілік ел- мәртебелі тіл» тақырыбына сынып сағаттары өткізілді.

- «Құқықтық сағаттар» 1-11 сыныптар арасында тақырыптық құқықтық сағаттар өткізілді.

- ҚР Тәуелсіздігінің 30 жыл толуына орай жеке жоспар бойынша жұмыстар атқарылды.

- Тұңғыш Президент күніне орай «Елбасы – елімнің тірегі» атты апталық жоспары іске асырылды.

- ҚР Тәуелсіздігіне «Елімнің бақыты-Тәуелсіздік» атты іс-шара жеке жоспар бойынша ұйымдастырылды.

-«Мен өлкемді танимын» тақырыбында интеллектуалдық сайыс ұйымдастырылды.

- Эссе-байқау«Қазақстанды өзің үшін аш» атты эссе байқауы ұйымдастырылды.

- «Менің Отаным – менің мақтанышым» тақырыбында көрме ұйымдастырылды.

-«Ауылым – алтын бесігім» тақырыбында оқушылар сурет салды.

- «Рухани жаңғыру» кабинетіне Хаманай Жиенханның есімі берілді.

- Ұлы жеңістің 77 жылдық мерекесіне және Отан қорғаушылар күніне арналып, «Айбын» әскери ойыны мен мерекелік іс-шаралар өткізілді.

-Рухани жаңғыру мақаласының «Туған жер» бағдарламасы аясында «Ыстық маған, алтын ұя мектебім» атты түлектермен кездесу кеші ұйымдастырылды.Сонымен қатар Мектебімізден шыққан суретшілердің құрметіне «суретшілер галареясы» ашылды. Сондай-ақ мектебіміздің түлегі Айтбай Алдангоровтың атынақазақ тілі кабинеті берілді.

Сонымен қатар мектеп оқушылары жыл бойы өткізілген қалалық, облыстық жарыстарға да белсенді қатысып, жүлделі орындарға ие болды.

Қалалық «Жыр алыбы - Жамбыл» атты Жамбыл оқулары «Өлеңді мәнерлеп оқу» бөлімі бойынша Дәрбетхан Аружан,Еңсеген Ақерке 1,2 орын,

Облыстық «Менің кіші Отаным» атты ғылыми конференция Берікбол Нұрбол 2 орын.

Облыстық «Ауыл мектептерінің ең үздік мұражайы» сайысы 3 орын.

Қалалық «Жас құтқарушылар» сайысы Еңсеген Ақерке 1 орын, Мұратхан Ислам 2 орын иеленді.

«Ақсу толқыны» атты фестиваль конкурс Домбырашы қыздар 1 орын.

6.2 Рухани-адамгершілік даму

Мақсаты: өзінің міндеттерін түсінетін және қабылдайтын, өмірді және өзін, өзінің іс-әрекеттерін рухани-адамгершілік нормалары тұрғысынан дұрыс бағалауға қабілетті толық тұлғаны тәрбиелеу, өзін-өзі, өзінің қабілетін, рухани-адамгершілік тұрғысынан өзін-өзі дамыту және жетілдіру мүмкіндіктерін тану.

Міндеттері: дәстүрлі көзқарас пен дүниетанымды қалыптастыру, қоршаған әлемнің көптүрлілігін. Қарама-қайшылығы мен күрделілігін тану; адам өмірінің құндылықтарын және әр адамның ерекшелігін түсіну, өз өміріне ұқыпты қарауға тәрбиелеу; қайсар мінезді, туындайтын кез келген қиыншылықтарды жеңіп шығуға, алға қойған мақсаттарына қол жеткізуге талпыну қабілеттерін қалыптастыру; әлемге, басқа адамға және өзіне деген махаббатқа, жағымды сезімдер мен қарым-қатынасқа құрылған жоғары жүйені бекіту және дамыту.

-«Мектепке жол», «Қамқорлық», «Адамға қуаныш сыйла» акциялары жыл бойы ұйымдастырылды.

- «Отбасы күні», «Берекелі отбасы» тақырыптарында бүкіләлемдік отбасы күніне орай апталық ұйымдастырылды.

- “Үлкенді сыйлағаның – болашақты ойлағаның” тақырыбында қарттар күніне орай «тимур» отряды құрылып, қарт адамдарға арнайы концерт ұйымдастырылып, көмек көрсетілді.

-«Ұстаз – ұлы есім» тақырыбында ұстаздар қауымына арналып, салтанатты жиын өткізілді, мерекелік концерт ұйымдастырылды.

-«Жемқорлық-қоғам індеті», «Жемқорлықтың тарихи тамыры», «Жемқорлықтың дамуына әсер ететін факторлар мен себептер» сынып сағаттары өткізілді.

-«Оқуға құштар мектеп» жобасы мерекелік іс-шара өткізілді

- «Балалар арасында зорлық-зомбылықтың алдын алу» буллинг видеоролик көрсетілді.

- **«Адал friends» жобасы аясында үйден оқытылатын Жұмабекова Жанелмен жоспар бойынша іс-шаралар ұйымдастырылды.**

-«Бала дауысы» тақырыбында әнші балапан байқауы ұйымдастырылды.

- «Арайлы алтын күз» алтын күз мерекесі өткізілді.

-«Қамқорлық» «Жылулық сыйла» акциялары, «30 игі іс» акциялары жыл бойы ұйымдастырылды.

-«Біз өз проблемамыз туралы» сынып сағаттары ұйымдастырылды.

- М.Мақатаевтың туған күніне орай «Қазақ поэзиясының Хантәңірі» тақырыбында ақпараттық сағат ұйымдастырылды.

- А.Байтұрсынұлының 150 жылдығына орай мәнерлеп оқу сайыстары мен тақырыптық сынып сағаттары өткізілді.

- «Өзін-өзі тану пәнінің онкүндігі» арнайы жоспар бойынша өткізілді.

- «Құстарға қамқоршы болайық» акциясы аясында арнайы жемсауыттар жасалып, ағаштарға ілінді.
 - Ауған соғыс ардагерлерімен кездесу ұйымдастырылды.
 - 8 наурыз халықаралық әйелдер күніне орай «Ана өмір, ана- бақыт, ана- гүл» атты концерттік бағдарлама ұйымдастырылды.
- Сонымен қатар, оқушылардың жеткен жетістіктері де аз емес.
- Қалалық Абай оқулары 9 сынып оқушылары Өсерхан Ақжол 2орын, Дорбетхан аружан 1 орын.
- «Асыл мұра - домбыра» қалалық конкурсы 3 орын.
- Облыстық Абай оқулары, Дорбетхан Аружан 2 орын.
- Қалалық дебат конкурстары мектеп оқушылары 1,2 орын.
- «Дарын» Ғылыми Республикалық орталығы ұйымдастырған Республикалық «Абай әлемі» атты шығармашылық байқауы Дорбетхан Аружан 2 орын,
- Облыстық М.Мақатаев оқулары Еңсеген Назерке 2 орын
- Облыстық Әбіш оқулары Еңсеген Ақерке 2 орын
- «Бүлдіршін-2022» облыстық байқауы, даярлық сынып оқушысы Еңсегенқызы Ақұлпа 1 орын
- Қалалық «Ақберен» оқулары Дорбетхан Аружан 1 орын.
- Нұр-Сұлтан қаласында өткен «Алаш star» байқауында бастауыш сынып оқушылары Сапатай Мадияр, Бекен Аяла, Қуантай Дария, Сәкен Аймира, Арғынебек Нұртөре 1-2 жүлделі орындарға ие болды.

6.3 Ұлттық тәрбие

Мақсаты: Тұлғаны ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға бағдарлау, ана тілін және мемлекеттік тілді, қазақ халқының, Қазақстан Республикасындағы этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуге тәрбиелеу.

- Оқушыларды халық құндылығымен таныстыру барысында мектеп мұражайына саяхаттар ұйымдастырылып, оқушыларға ақпарат берілді.
- Қазақ халқының ұлттық ойындарынан «Тоғыз құмалақ», «Асық ату», «Ханталапай» сайыстары өткізілді.
- Мектеп мұражайына саяхат ұйымдастырылып, Ауылдың тарихымен танысу, Батырлар залына саяхат, ауылға еңбегі сіңген азаматтар өмірбаянымен таныстырылды.

-«Дәстүр мен ғұрып» жобасын бастау және іске асыру

- Мектепшілік «Инабат» қыздар клубының жұмысы ұйымдастырылды.

1 сынып оқушыларын «Рухани жаңғыру» кабинетіне саяхатқа барды.

- «Қош келдің, әз Наурыз» халқымыздың салт-дәстүрі дәріптеліп, наурыз мерекесі тойланды. Қазақтың ұлттық ойындары ойнатылып, мерекелік іс-шара өткізілді.
- Сонымен қатар «Тұран» садақ ату орталығы оқушыларға садақ ату бойынша шеберлік сағатын өткізді. Мектеп мұғалімдерінің арасында садақ атудан жарыс ұйымдастырылды.
- «Киіз үй құрылысы» тақырыбында танымдық сағат ұйымдастырылды.
- «Бауырсақ party» іс-шарасы ұйымдастырылды.
- Қазақстан халықтарының бірлігі күніне арналған «Ғажайып алаң» викториналық ойыны өткізілді.

6.4 Отбасылық тәрбие

Мақсаты: Ата-аналардың бала тәрбиесіне көңіл бөлудегі жауапкершілігін арттыру, психология және педагогикалық жақтарын дасыму, отбасының рухани-адамгершілік негіздерін ашу.

- Жыл басында қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспары жаңартылып құрылды.
- Ата-аналар комитетінің құрамы бекітіліп, жұмыс жоспары жаңартылды.
- Қамқорлық кеңестерінің есеп беру кездесулері әр тоқсан сайын ұйымдастырылып отырды.
- «Отбасы – бақыт мекені» жоспар бойынша іс-шаралар өткізілді.
- **«Family day» отбасылық жобасы (сынып буындары бойынша) ұйымдастырылды.**

- «Зорлық-зомбылықтың алдын алу» онкүндігі жоспар бойынша ұйымдастырылды.
 - «Мен қандай ата-анамын?!» тренингі өткізілді.
 - «Отбасы тәрбиесі - рухани адамгершілік негізі» сынып сағаттары өткізілді.
 - «Ана өмірдің шуағы» сынып сағаттары өткізілді.
 - **«Отбасы-бақыт кілті»** облыстық қашықтық фото-конкурсы ұйымдастырылды. Оқушылар отбасымен түскен қызықты сәттерінен фотоколлаж дайындады.
- Сонымен қатар «Мәдениетті ана-мәдениетті ұлт» облыстық жобасы аясында «Менің отбасым», «Әкеге хат» тақырыптарында оқушылар эссе жазып, фотоколлаж дайындады.
- Әр тоқсан сайын қашықтықтан ата-аналар жиналысы ұйымдастырылып отырды.

6.5 Еңбектік, экономикалық және экологиялық тәрбие

Мақсаты: Тұлғаның өзін кәсіби анықтауына саналы қарым-қатынасын қалыптастыру, экономикалық ойлауын және экологиялық мәдениетін дамыту.

- Мектеп ауласын және ауылды жасылдандыру барысында сенбіліктер ұйымдастырылды.

- Жоғарғы оқу орындары мен колледждерден арнайы мамандар шақырылды, мамандық таңдауға көмек көрсету үшін жоғары сынып оқушыларымен отырыстар ұйымдастырылды.
- «Мамандықтың бәрі жақсы!» «Менің болашақ мамандығым» мамандыққа баулу барысында арнайы сауалнамалар алынып, дөңгелек үстелдер ұйымдастырылды.
- «**ЭКО boom**» облыстық жобасы «Болашақ бағы» акциясы /ағаш егу/ өткізілді.
- «Таза мектеп ауласы» сенбіліктер ұйымдастырылды.
- «Bala business» жобасы бойынша 5 сынып оқушысы Ахман Айдана қалалаық «Bala business» жобасына қатысты.**
- «Құстарға арналған кафе» астау жасау акциясы өткізілді.
- «**ЭКО boom**» облыстық жобасы
- «Жақсылық жаса» пластикалық қалпақшаларды жинау акциясы өткізілді.
- «Тимур» отряды үнемі қарт адамдарға, ардагер ұстаздарға көмек көрсетіп отырды.
- Плоггинг «Экожүгіру» ұйымдастырылды.
- Мектеп оқушалары аймақтық «Шеберлер қалашығы» жобасына қатысты.
- Сонымен қатар мектеп оқушылары «Табиғатты аяла» атты жас өлкетанушалар мен экологтардың мектепшілік форумы өткізілді.
- «Отбасылық шеберхана» оқушылар аналарымен бірлесіп, қолөнер бұйымдарын жасады
- Қалалық «Табиғатты аяла» конкурсында 8 сынып оқушысы Кохавай Аңсат 1орын, Облыстық кезеңде алғыс хатпен марапатталды.

6.6 Интеллектуалдық тәрбие және ақпараттық мәдениет

Мақсаты: әр тұлғаның интеллектуалдық жағын дамыту, лидердік тұстарын ашуға бағыт беру, дарындық қасиеттерін дамыту және ақпараттық мәдениетін шыңдау, өзін-өзі танудың тәрбиелік процестегі рөлі.

- «Мен-көшбасшымын!» тақырыбында мектептегі «Жас Ұлан», «Жас Қыран» ұйымдарының жоспарлары құрылды.
- «Шахмат» «Шашки» ойындарының жұмысын дамыту үшін үйірмелер ашылды.
- «Ұшқыр ой алаңы» оқушылардың дебат қозғалысының жұмысын ретке келтіріліп, жұмысы жалғастырылды.
- Кибермәдениет және кибергигиена бойынша ақпараттық дәрістер өткізілді.
- «Интернеттің пайдасы мен зияны» тақырыбында ақпараттық тренинг өткізіліп, Кибербулинг мәселесі туралы ақпарат берілді.
- «Зорлық-зомбылықпен қатыгездіктен әлемді қалай құтқаруға болады?» тақырыбында оқушылар эссе жазды.
- Әр түрлі тақырыптарда балаларға мол мәлімет беретін Ақпараттық минуттар ұйымдастырылып отырды.

Қалалық «Зерде» ғылыми жобалар байқауында 6 оқушы жүлделі орынға ие болды.,
Облыстық «Зерде» конкурсы Ерен Ералы 3 орынға ие болды.

6.7 Көп мәдениеттілік және эстетикалық-шағырмашылық тәрбие

Мақсаты: Білім беру ұйымдарының білім беру кеңістігін тұлғаның өзін-өзі сәйкестендіруінің көпмәдениетті ортасы ретінде құру, тұлғаның қоғамдағы жалпымәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, оның өнердегі және болмыстағы эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту.

- «Туған тілім – менің мақтанышым» тақырыбында мәнерлеп оқу сайысы өтті.
- Тақырыптық кітап көрмелерін ұйымдастырылды.
- «Өнерліге өріс кең» қолөнер және сурет көрмесі өтті.
- «Бір күн мұражайда» оқушылар өз білгендерімен бөліседі
- «Балапан жұлдыз-2022» балалар шығармашылық байқауы өткізілді.
- «Менің өлкемнің - чемпиондары» тақырыбында спортшылармен кездесу ұйымдастырылды.
- «Таза болса табиғат, аман болар адамзат» тақырыбында бастауыш сынып оқушыларының арасында сурет көрмесі өтті.
- 1 мамыр-Бірлік күніне орай іс-шаралар ұйымдастыру, Фестиваль ұйымдастырылды.

6.8. Салауатты өмір салтын қалыптастыру

Мақсаты: Салауатты өмір салты, дене дамуы және психологиялық денсаулық сақтау дағдыларын, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату.

- Дәстүрлі «денсаулық фестивалі» ұйымдастырылды
- COVID19 Вирусының алдын алу бойынша жұмыстар жүргізу «Тазалық – денсаулық кепілі» тақырыбында акциялар мен сынып сағаттары мен ақпараттық түсіндіру жыл бойы үнемі жүргізіліп отырды.
- Кезекші сыныптарда оқитын оқушылардың температурасын тексеру, маскамен жүруін қадағалау үнемі өткізіліп отырды.
- «Дұрыс тамақтану-денсаулық кепілі» сынып сағаттары өткізілді.
- Қыздар күніне орай сынып сағаты «Қыз тәрбиесі – ұлт тәрбиесі» тақырыбында онкүндік Адамгершілік және жыныстық тәрбие «Ерте жүктіліктің қауіпі қандай?» тақырыптарында қыздармен кездесу ұйымдастырылды.
- Тәрбие сағаты: «Шылымның зияны мен зардабы» тақырыбында тәрбие сағаттары өткізілді.
- «Тұмаудың жұғу жолдары» жадынамалық парақтар таратылды.
- Қазақ күресінен мектепшілік турнир ұйымдастырылды.
- «Өмір, сен қымбатсың маған» Тренинг-сабақ өткізілді.
- «Ерте жүктіліктің қыз денсаулығына зияны» дәріс берілді.
- Мектепшілік «Айбын» әскери оқу жаттығу сайыстары ұйымдастырылды.

- «Ауырмаймыз тұмаумен!» 1-5 сынып оқушыларының арасында суреттер сайысы ұйымдастырылды.
 - «Шынықсаң-шымыр боласың!» спорттық сайыстар өткізілді.
 - «Туберкулез ауруынан сақ бол!» тақырыбында арнайы дәріс оқылды.
 - «Жасөспірімдерге адамгершілік-жыныстық тәрбие беру» тақырыбында жоғары сынып оқушыларымен пікір алмасу өтті.
 - Мектебімізден шыққан, жетістікке жеткен спортшылармен кездесу ұйымдастырылды.
- Облыстық қазақ күресі және самбо күрестерінен Берікбол Нұрсая, Анарбек Ертай, Кохавай Аңсат, Солтанат Темірлан, Ерен Ералы, Жанат Ықтияр, Жанибекұлы Аян, Жанибекұлы Ұлан т.б балалар жүлделі орындарға ие болды.
- Мектеп оқушылары қалалық қазақ күресі турнирінде Бақытұлы Нұрболат, Сетербай Нұртілеу, Бекен Ерасыл, медалға ие болды.
- Қостанай қаласында өткен, және Нұр-Сұлтан қалаларында өткен Республикалық жарыстар Берікбол Нұрсая, Жанат Ықтияр, Бақытұлы Ерболат, Жанибек Аян, Жанибекұлы Ұлан, Кохавай Аңсат, Анарбек Ертай жүлделі орындарға ие болды.

Діни экстремизмнің алдын алу бойынша атқарылған жұмыстар

Оқушыларға экстремизм, терроризм туралы терең түсінік беру, оның түрлері, себептері мен зардаптарын ұғындыру. Жасөспірімге қоғамның әлеуметтік, құқықтық, діни сипаттарын ұғындыра отырып, оларды террорлық, лаңкестік және діни экстремистік бағытта арандатуға жол бермеу;

Жасөспірімдерге бейбітшіліктің маңызын және мейірімділік пен ізгіліктің, адамдарға жақсылық жасай білудің өмірдегі басты ұстанымы екенін ұғындыру мақсатында теріс діни ағымдардың іс-әрекетіне қарсы насихаттау жұмыстары ұйымдастырылып, 2021-2022 оқу жылына арнайы жылдық жоспар құрылды. Мектепшілік арнайы бұйрық шығарылып, мектеп оқушыларының арасынан үгіт-насихат тобы құрылды.

Сондай-ақ, оқу жылының басында мектепте намаз оқитын, хиджаб киетін оқушыларды анықтау мақсатында рейд жүргізілді. Рейд барысында мектепте намаз оқитын, хиджаб киетін оқушылар анықталған жоқ.

Мектептегі 8-11 сынып оқушыларына Жастар арасында кең таралып, бара айтқан діни ағымдардың зардабы, алдын алу мақсатында «Адасқандар» және «Ұрланған балалық шақ» видеолары көрсетілді. Оқушылар видеоролик туралы өз ойларын ортаға салып, өз пікірлерін білдірді. Қамтылған оқушы саны – 45

Қазан айында «Оқушылардың экстремизмге көзқарасы» тақырыбында мектеп оқушыларынан сауалнама алынды.

Қараша айында «Теріс діни ағым дегеніміз не?» тақырыбында жадынама парақтары таратылды.

Желтоқсан айында «Діннің қоғамдағы рөлі» тақырыбында ішкі саясат басқармасы өкілдерімен кездесу өткізілді.

Қаңтар айында «Діни экстремизм дегенді қалай түсінесің?» тақырыбында ата-аналардан және оқушылардан сауалнама алынды.

Ақпан айында «Дінім-өмірімнің тұтқасы» тақырыбында 6-11 сынып оқушыларына сынып сағаттары өткізілді.

Сәуір айында қашықтықтан «Біз терроризмге қарсымыз» тақырыбында онлайн сурет сайысы ұйымдастырылды. Сонымен қатар инстаграм әлеуметтік желісі арқылы ұйымдастырылған онлайн вебинарларға мектеп мұғалімдері мен әкімшілік қатысып отырды.

Атқарылған жұмыстардың барлығы әлеуметтік желілерге орналастырылды.

«Рухани жаңғыру» Бағдарламасы аясында өткізілген жұмыстар туралы ақпарат.

2021-2022 оқу жылында «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру бойынша арнайы жоспар құрылып, сонымен қатар Облыстық Білім басқармасы жіберген жоспарға сәйкес жұмыс жасадық.

- Оқу жылының басында 2021-2022 оқу жылына арнайы іс-шаралар жоспары құрылды. Тілдер күні қарсаңында және «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында Мемлекеттік тілді насихаттау мақсатында «Тілден артық қазына жоқ» тақырыбында викторина өткізілді. Оқушылар қызығушылық танытып, викториналық сұрақтарға жылдам әрі дұрыс жауап бере білді.
- «Кітап - рухани байлықтың қайнар көзі» тақырыбында 9-11 сынып оқушыларымен дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Оқушылар кітап оқудың маңыздылығы туралы баяндап, осы кезге дейін оқыған кітаптары туралы баяндады. Сонымен қатар кітапті қалай тиімді оқу керектігі туралы өз ойларымен бөлісе білді. Қамтылған оқушылар саны - 12
- Рухани жаңғыру бағдарламасының «Туған жер» бағдарламасы аясында Ақсу қаласының тарихи-өлкетану мұражайының басшысы Ақшолақова Гүлжанар мектебіміздің оқушыларымен «Қазақстан-менің Отаным» тақырыбында танымдық сағат өткізді. Танымдық сағат барысында Ақсу өңірінің жетістіктері баяндалып, өңіріміздің дамуына үлес қосқан адамдар туралы ақпарат берілді. Сонымен қатар мұражай қорынан алынған кітаптарға шолу жасалды. Қамтылған оқушы саны – 35
- «Туған жер» бағдарламасы аясында, Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығы, Ақсу қаласының 60 жылдығы қарсаңында ауылымыздың тумасы, мектебіміздің түлегі Власов Борис мектебімізге келіп, «Родом из деревни» атты кітабының тұсаукесер рәсімін өткізді. Мектеп оқушылары ақын өлеңдерін мәнерлеп жатқа оқыды. Шараға Ақсу қаласының құрметті азаматтары мен ақынның сыныптас достары, мектеп оқушылары мен ұстаздары қатысты.
- Наурыз айында «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында

«Наурыз-думан» мерекелік іс-шарасы өткізілді. Оқушылар наурызға дайындаған өнерлерін көрсетіп, қазақтың ұлттық ойындарын ойнады. Сонымен қатар қазақтың ұлттық тағамдарынан дастархан әзірлеп, наурыз көже әзірледі. «Наурыз-думан» мерекесінде әр сынып әр ауылға бөлініп, ер балалар бата беріп іс-шараның көркін қыздырды.

- «Үнем қоғам қуаты» жобасы аясында «Темекі - денсаулық дұшпаны» тақырыбында ақпараттық сағат өткізілді.
- «Дәстүр мен ғұрып» жобасы аясында «Киіз үйді дайындау» шеберлік сағаты өткізілді.
- «Дәстүр мен ғұрып» жобасы аясында «Ханталапай» ойыны өткізілді.
- «Ұлы даланың Ұлы есімдері» жобасы аясында «Мәңгілік ел алыптары» Дина Нүрпейісованың 160 жылдығына орай ақпараттық сағат өткізілді.
- «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы бойынша «Айша бибі», «Қарахан батыр», «Бабаджа хатун» кесенелері туралы ақпараттық сағат өткізілді.
- «Үнем қоғам қуаты» жобасы бойынша «Игі істер» акциясы өткізілді.
- «Қазақстанның киелі жерлері» жобасы бойынша «Ақмешіт үнгірі» тақырыбында онлайн экспедиция жасалды.
- «Үнем қоғам қуаты» жобасы бойынша «ЭКО КРОСС» акциясы өткізілді.
- «Ұлттық бірегейлікті сақтау» жобасы бойынша «Бірлік күні» іс-шарасы өткізілді.

Атқырылған жұмыстардың барлығы мектептің әлеуметтік желісіне жарияланды.

2021-2022 оқу жылында үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасының бағыттары бойынша жоспарланған тәрбие жұмыстары арнайы жоспарға сәйкес ұйымдастырылды. Оқушылар белгіленген іс-шараларға белсенді қатысты. Оқу жылының соңында жазға қауіпсіздік бойынша оқушыларға тақырыптық сынып сағаттары өткізіліп, түсіндерме жұмыстар жүргізілді. Жазғы уақыттағы балалардың өмір қауіпсіздігінің алдын алу мақсатында арнайы рейд құрылып, қауіпсіздік бойынша жұмыстар жүргізіледі. Сондай-ақ балалар жылы қарсаңында биылғы оқу жылында үздік нәтиже көрсетіп, жеңіске жеткен оқушылардың құрметіне орай «Топ жарған-2022» жұлдыздар шеруі ұйымдастырылды. Мектептің намысын абыроймен қорғаған 53 оқушы марапатталды.

Жамбыл орта мектебінде 2022-2023 оқу жылы бойынша тәрбие жұмысына талдау

2022-2023 оқу жылында Тәрбие жұмысы 8 бағыт бойынша жұмысын жалғастарды.

Орындалу көрсеткіштеріне тоқталатын болсақ:

1. Патриоттық сананы қалыптастыру

1 қыркүйек білім күніне орай «Кел, балалар, оқылық!» 1 сынып оқушыларына салтанатты жиын өткізілді. Білім күніне арналған сынып сағаттары өтті.

Жас қыран», «Жас Ұлан» ұйымдары бойынша жұмыстар жасалып, 2 және 5 сынып оқушылары «Жас ұлан», «Жас қыран» қатарына қабылданды. «Мәңгілік ел-мәртебелі тіл» тақырыбына сынып сағаттары өткізілді.

«Кұқықтық сағаттар» 1-11 сыныптар арасында тақырыптық құқықтық сағаттары өткізілді.

Мектебіміздің 90 жылдығына орай «Алтын ұя мектебim» сынып сағаты өтті.

Ұлт ұстазы А.Байтұрсыновтың 150 жылдығына орай **«Ұлт ұстазы - Ахмет» сынып сағаты өткізілді.**

ҚР Тәуелсіздігіне арналған апталық барысында «Елімнің бақыты - Тәуелсіздік» іс-шарасы өткізілді.

«Менің Туым» облыстық жобасының «Отан туым» онлайн акциясына мектеп оқушылары белсенді қатысты.

«Діни экстермизм- қоғам дерті» сынып сағаттары өткізілді.

«Оқушылардың экстремизмге көзқарасы» тақырыбында оқушылардан сауалнама алынды.

«Туған өлкемнің тарихы» 1 сынып оқушылары мектеп мұражайына саяхатқа апарылды.

«Саналы ұрпақ-жарқын болашақ» пікірсайыс ойыны өткізілді.

Отан қорғаушылар және Жеңіс күніне орай мерекелік іс-шаралар (жеке жоспар бойынша) өткізілді.

«Қылмыстық жауапкершілік» ауылдық учаскелік полиция қызметкерімен кездесулер тұрақты түрде жыл бойы өткізіліп отырды.

2.Рухани-адамгершілік даму

Мектебіміздің оқушылары қалалық «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубтарының слетіне қатысып,3 орынға ие болды.

«Жолдан абай бол!» қауіпсіздік жол акциясы өтті.

«**Адал friends**» жобасы аясында Жұмабекқызы Жанелмен түрлі іс-шаралар өткізілді.

«Ұстаз – ұлы есім» ұстаздар мерекесіне орай іс-шаралар өтті.

«Халықаралық қарттар күніне» қарттар күніне орай тәрбиелік акция “Үлкенді сыйлағаның – болашақты ойлағаның” іс-шаралары өтті.

«Мейірімділік адамның асыл қасиеті» сынып сағаты өткізілді.

«**Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында түрлі іс-шаралар өтті.**

«Арайлы алтын күз» іс-шарасы өтті.

Дәстүрлі қалалық «Жыр алыбы-Жамбыл» оқулары дәстүрлі түрде өткізілді.Қала және ауыл мектептерінен оқушылар қатысып, жеңімпаз оқушылар марапатталды.

«Қазақ поэзиясының хантәңірі» М.Мақатаевтың туған күніне орай әдеби кеш өткізілді.

8 наурыз халықаралық әйелдер күніне орай «Мен және менің анам» тақырыбында сайыс өткізілді. Жеңімпаздар марапатталды.

«Ана өмірдің шуағы» сынып сағаттары өткізілді.

«Құстарға қамқоршы болайық» акциясы өткізілді. Оқушылар түрлі жемсауттарды әзірлеп мектеп жанындағы ағаштарға орналастырды.

1 мамыр – Бірлік күніне орай «Бір шаңырақ астында» мерекелік іс-шаралары жоспар бойынша өткізілді.

3. Ұлттық тәрбие

Мектепішілік «Инабат» қыздар клубының жұмысын жоспар бойынша өз жұмысын жасады. Жыл бойы қаздар арасында түрлі кездесулер мен тренингтер, ақпараттық дәрістер өткізіліп отырды.

Мектеп мұражайында ақпараттық сағаттар жыл бойы тұрақты өткізіліп отырды.

Қазақ халқының ұлттық ойындарынан сайыстар өткізілді. Тоғыз құмалақ, «Асық ату», «Аударыспақ» «Қазақ күресі» бойынша түрлі іс-шаралар өтті.

«Қош келдің, өз Наурыз» халқымыздың салт-дәстүрін дәріптеу, наурыз мерекесін тойлау арнайы жоспар бойынша өткізілді.

Қазақстан халықтарының бірлігі күніне арналған «Ғажайып алаң» викториналық ойыны өтті.

4. Отбасылық тәрбие.

«Отбасы – бақыт мекені» жоспар бойынша іс-шаралар жоспар бойынша өткізілді.

Ата-аналар сенбіліктері (Күз, көктем айларында) мектеп жанына сенбіліктер ұйымдастырылды.

Оқу жылының басында «Әкелер» клубы құрылып, іс-шаралар өткізілді. Әкелермен түрлі спорттық ойындар өткізіліп, шеберлік сағаттары өткізілді.

Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспарын жаңартылып, Қамқоршылық кеңесінің отырыстары өтті.

«Қамқорлық» акциясын өткізу, қайырымдылық көмек көрсететін оқушылар анықталып, Мектепте түрлі жәрмеңкелер өткізіліп, азық-түлік себеттері таратылды.

Тәрбиесі қиын, сабақты бос жіберетін, сабақтан қашатын оқушыларды анықтадық. Педагогикалық, құқықтық жұмыстар жүргізіліп, ата-аналармен байланыс жасалды.

«Family day» отбасылық жобасы (сынып буындары бойынша) аясында жоспар бойынша іс-шаралар өткізілді.

Отбасындағы зорлық-зомбылықты алдын алу онкүндігі өткізілді.

«Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» тақырыбында сауалнама алынды.

«Отбасы тәрбиесі- рухани адамгершілік негізі» сынып сағаттары өткізілді.

«Отбасы-бақыт кілті» облыстық қашықтық фото-конкурсы өткізілді.

«Жасөспірімдердің өзіне-өзі қол жұмсаудың себептері» ата-аналар жиналысында дәріс оқылып, ақпараттар берілді.

5. Еңбектік, экономикалық және экологиялық тәрбие

«ЭКО boom» облыстық жобасы аясында мектеп жанын көгалдандыру мақсатында ағаштар отырғызылды. «Болашақ бағы» акциясы /ағаш егу/ жұмыстары өтті. «Мамандық кеше, бүгін, ертең!» «Менің болашақ мамандығым» мамандыққа баулу барысында жұмыстар өткізілді.

Жоғарғы оқу орындары мен колледждерден арнайы мамандар шақыртылып, мамандық таңдауға көмек көрсету бойынша оқушыларға бағыт-бағдар берілді. «Жасыл ел» жобасы аясында мектеп ауласын көгалдандыру мақсатында сәуір айында түрлі гүлдер мен көкөністер отырғызылды. **«ЭКО boom» облыстық жобасы** «Жақсылық жаса» пластикалық қалпақшаларды жинау акциясы жыл бойы жалғасты.

«Таза мектеп ауласы» сенбіліктер ұйымдастырылды. Плоггинг «Экожүгіру» өткізілді.

6. Интеллектуалдық тәрбие және ақпараттық мәдениет

Шахмат, шашки ойындарын жыл бойы өткізілді. Мектеп оқушылары қалалық сайыстарда топ жарды.

«Ұшқыр ой алаңы» жобасы аясында «Жеті жарғы» дебат клубы өз жұмысын жалғастырды.

Оқушылардың мамандық түрін таңдау бейімділігін анықтау мақсатында түрлі кездесулер мен ақпараттық, түсіндірме жұмыстар өткізілді.

Кибермәдениет және кибергигиена бойынша ақпараттық дәрістер. «Оқушылардың интернетке тәуелділігінің алдын алу» және «БУЛЛИНГКЕ» ұшыраған балаларды анықтау. Сынып жетекшілермен әңгімелесу жұмыстары өткізілді.

«Ертістің киелі жеріне саяхат» КВЕСТ ойыны өткізілді. Кибермәдениет және кибергигиена бойынша ақпараттық дәрістер мектеп оқушыларына өткізілді. **«Мектеп көшбасшысы - 2023»** мектепшілік байқауы өткізілді. Байқауға 8-11 сынып оқушылары қатысып, 9 сынып оқушысы Хусман Назерке «Мектеп көшбасшысы» атанды.

7. Көп мәдениеттілік және эстетикалық-шағармашылық тәрбие

Балалар жылына орай, мәдени ұйымдарға және мұражайларға мектеп оқушылары Павлодар қаласының Ертіс мұражайына саяхатқа барды.

Мектеп кітапханасында ақын жазушылардың мерейтойларына орай тақырыптық кітап көрмелерін ұйымдастырылды.

«Менің өлкемнің - чемпиондары» тақырыбында мектебіміздің бапкері Окенов Асхат Мақсұтұлымен кездесу ұйымдастырылды.

Жазғы мезгілдегі қауіпсіздік ережелерімен таныстыру барысында сынып сағаттары, ақпараттық дәрістер өткізіліп, құқықбұзушылықтың алдын алу барысында учаскелік полиция қызметкерімен кездесу өткізілді.

«Сыңғырла, соңғы қоңырау» саптүзеу салтанатты жиыны өткізілді.

8. Салауатты өмір салтын қалыптастыру

Республикалық денсаулық фестивалі дәстүрлі түрде өткізілді.

«Тазалық – денсаулық кепілі» тақырыбында акциялар мен сынып сағаттары өтті.

«Өмірді бағалайық!», «Біздің болашағымыз – біздің қолымызда!» сынып сағаттарын жүргізілді.. (суицидтің алдын алу)

«Дұрыс тамақтану-денсаулық кепілі» сынып сағаттары өткізілді.

Қыздар күніне орай сынып сағаты «Қыз тәрбиесі – ұлт тәрбиесі» тақырыбында онкүндік Адамгершілік және жыныстық тәрбие «Ерте жүктіліктің қауіпі қандай?» тақырыбында қыздармен түсіндірме жұмыстар жүргізілді.

Тәрбие сағаты: «Шылымның зияны мен зардабы» тақырыбында ақпараттық сағат өткізілді.

«**Қыз тәрбиесі-ұлт тәрбиесі**» оқушылармен әңгіме жүргізілді.

ЖИТС алдын алу іс шаралар жеке жоспар бойынша жүзеге асырылды.

Жеңіс күніне орай және Отан қорғаушылар күніне орай «Айбын» әскери-спорттық сайысы өткізілді.

«Тұмаудың жұғу жолдары» жадынамалық парақтары оқушыларға таратылды.

Қазақ күресінен мектепшілік турнир өткізілді.

«Көңілді мәре» 1-4 сынып арасында спорттық сайыстар тұрақты түрде өткізіліп отырды.

«Ерте жүктіліктің қыз денсаулығына зияны» тықырыбында қыз балаларға дәріс өткізілді.

Діни экстремизмнің алдын алу бойынша атқарылған жұмыстар

Оқушыларға экстремизм,терроризм туралы терең түсінік беру, оның түрлері, себептері мен зардаптарын ұғындыру. Жасөспірімге қоғамның әлеуметтік, құқықтық, діни сипаттарын ұғындыра отырып, оларды террорлық, лаңкестік және діни экстремистік бағытта арандатуға жол бермеу. Жасөспірімдерге бейбітшіліктің маңызын және мейірімділік пен ізгіліктің, адамдарға жақсылық жасай білудің өмірдегі басты ұстанымы екенін ұғындыру мақсатында теріс діни ағымдардың іс-әрекетіне қарсы насихаттау жұмыстары ұйымдастырылып, 2022-2023 оқу жылына арнайы жылдық жоспар құрылды. Мектепшілік арнайы бұйрық шығарылып, мектеп оқушыларының арасынан үгіт-насихат тобы құрылды. Сондай-ақ, оқу жылының басында мектепте намаз оқитын, хиджаб киетін оқушыларды анықтау мақсатында рейд жүргізілді. Рейд барысында мектепте намаз оқитын, хиджаб киетін оқушылар анықталған жоқ. Қазан айында «Оқушылардың экстремизмге көзқарасы» тақырыбында мектеп оқушыларынан сауалнама алынды. Қараша айында «Теріс діни ағым дегеніміз не?» тақырыбында жадынама парақтары таратылды. Желтоқсан айында «Діннің қоғамдағы рөлі» тақырыбында ішкі саясат басқармасы өкілдерімен кездесу өткізілді. Қаңтар айында «Діни экстремизм дегенді қалай түсінесің?» тақырыбында ата-аналардан және оқушылардан сауалнама алынды. Ақпан айында «Дінім-өмірімнің тұтқасы» тақырыбында 6-11 сынып оқушыларына сынып сағаттары өткізілді. Сәуір айында қашықтықтан «Біз терроризмге

қарсымыз» тақырыбында онлайн сурет сайысы ұйымдастырылды. Сонымен қатар инстаграм әлеуметтік желісі арқылы ұйымдастырылған онлайн вебинарларға мектеп мұғалімдері мен әкімшілік қатысып отырды.

2023-2024 оқу жылында наурыз айына дейінгі өткізілген іс-шаралар

Қыркүйек айынан бастап, Жамбыл орта мектебінде іс-шаралар тәрбиенің 8 бағыты бойынша және арнайы белгіленген жобалар бойынша төмендегідей іс-шаралар өткізілді. Атқарылған іс-шаралардың барлығы мектебіміздің **ИНСТАГРАМ** және **FACEBOOK** парақшаларына жарияланды.

1. Патриоттық сананы қалыптастыру

1. «Мектебім-мейірім мекені» тақырыбында білім күніне орай салтанатты жиын өткізілді. Салтанатты жиыннан кейін мектеп оқушыларына арналған алғашқы сынып сағаттары өткізілді. Салтанатты жиын барасында Мемлекеттік Ту көтерілді.
2. Мектеп оқушылары мен ұстаздары «Менің сүйікті мектебім» тақырыбындағы республикалық онлайн акцияға белсенді қатысты.
3. Мектебіміздің жоғары сынып оқушыларының арасында «Мектеп Президентін» сайлауы өткізілді. Мектеп Президенті болып, 9 сынып оқушысы Нұрдыхуат Ақмарал сайланды.
4. Оқушылар арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында учаскелік полиция қызметкерімен тұрақты кездесулер өткізіліп отырды.
5. Мектеп директоры Ақтаева Бижамал Шакенқызы жоғары сынып оқушыларымен «Адалдық сағатын» өткізді.
6. «Қазақстан-туған жерім, туған елім» тақырыбында тәрбие сағаттары өтті.
7. Республика күніне орай «Менің арманымдағы - Қазақстан» тақырыбында оқушылар эссе жазды.
8. «Атамекен» тақырыбында оқушылар жаппай диктант жазды.
9. Оқушылар «Отан Туым» акциясына белсенді қатысты.
10. «Тоғыз айға-тоғыз іс-шара» аясында мектеп оқушылары Мемлекеттік Гимнді орындады.
11. 5 сынып оқушылары «Жас ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымына қабылданды.
12. Оқушылар арасындағы сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында дебат өткізілді.
13. «Отаным-Қазақстаным» тақырыбында мерекелік концерт өткізілді.
14. «Елім менің» тақырыбында мектеп кітапханасында көрме өткізілді.
15. «Қыран елім-Қазақстаным» атты челленджге мектеп оқушылары белсенді қатысты.
16. «Бұл палата балаларды мектепте буллингті әдетке айналдарған ата-аналарға қатысты шараларды күшейту керек деп санайды» тақырыбында дебат ойыны өткізілді.

- 17.«Менің Тәуелсіз Қазақстаным» тақырыбында оқушылар сурет салды.
- 18.«Тәуелсіздік - елімнің ерлік жолы» тақырыбында ақпараттық сағат өткізілді.
- 19.«Тәуелсіздік – ел тірегі» тақырыптарында Тәуелсіздік күніне орай сынып сағаттары өткізілді.
- 20.«Менің Қазақстаным» тақырыбында оқушылар сурет салды.

2.Рухани-адамгершілік даму

1. Ақын, ағартушы М.Жұмабаевтың 130 жылдығына орай «Мағжан Жұмабаев – заманның заңғар тұлғасы» тақырыбында бірыңғай ашық диктант өткізілді.
2. Мектебіміздің жас домбырашылары Өзбекстанның Ташкент қаласында өткен байқауға қатысып, бас жүлдені иеленді.
3. «Аққу» қыздар кыбының ұйымдастыруымен «Қыз бала тәртібі және жеке бас гигиенасы» тақырыбында жиын өткізілді.
4. Ұстаздар күні қарсаңында «Ұстаз-биік тұлға», «Ұстазға мың алғыс» тақырыптарында сынып сағаттары мен өзін-өзі басқару күні өткізілді. Жоғары сынып оқушылары ұстаздарға мерекелік концерттік бағдарлама әзірледі.
5. Мектебіміздің 9 сынып оқушысы Берікбол Нұрбол «Ақберен» орблыстық байқауынан 3 орын иеленді.
6. «Қыз қылығымен көркем» тақырыбында «Аққу» қыздар клубының мүшелерімен тренинг өткізілді.
7. Мектеп оқушылары С.Торайғыровтың 130 жылдығына орай өткен қалалық мәнерлеп оқу сайысына қатысып, Ахман Айдана 1орын, Құрманғазы Нұрмахамбет 2 орын иеленді.
8. Облыстық М.Мақатаев оқуларынан 10 сынып оқушысы Хусман Назерке 1 орын иеленді.
9. Қалалық Махамбет оқулары Берікбол Нұрбол 1 орын.
- 10.«Бір ел-бір кітап» акциясы аясында Төлек Әбдіковтың шығармашылығымен таныстыру өткізілді.
- 11.«Үлкендер жолы – ұлылық, ұрпағы жүрер ұғынып» тақырыбында мектебіміздің ардагер ұстаздары марапатталды.
- 12.Облыстық Махамбет оқушары Берікбол Нұрбол 3 орын.
- 13.«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Алтын сандық» интеллектуалды ойыны өткізілді.
- 14.«Аққу» қыздар клубының қатысушыларымен Ата-ана Түстікбай жайнагүл «Жүн түту және иіру жолдары» тақырыбында шеберлік сағатын өткізді.
- 15.«Қош келдің, жаңа жыл» тақырыптарында барлықө сыныптарда мерекелік кеш өткізілді.

Ұлттық тәрбие

1. «Төрт тоқсан-төрт өнер» жобасы

Жоба аясында қыркүйек-қазан айларында мектеп оқушыларының арасында «айтыс» жобасы іске асырылды. Жоба барысында мектеп оқушыларына арнайы ақпараттық сағат пен шеберлік сағаты өткізіліп, оқушылар айтысына қатысатын оқушылар іріктеліп алынды. Іріктелген оқушылар 1 ай арнайы дайындықтан өтіп, 24 қазан күні Республика күні қарсаңында өткізілген «Отаным-Қазақстаным» тақырыбында оқушылар айтысы өткізілді. Айтысқа 6 оқушы қатысты. Оқушылардың барлығы жүлделі орындарға ие болып, ақшалай сыйлықтармен марапатталды.

2. «Төрт тоқсан-төрт өнер» жобасы аясында мектеп оқушылары «Асық ату» челленджі өткізілді. Ұлдар асық атып, қыздар «Бес асық» ойынын ойнады.

Отбасылық тәрбие

1. «Family day» отбасылық жобасы аясында мектеп оқушылары аналарымен бірге түрлі тағамдар әзірледі.
2. Қарттар күніне орай мектеп оқушылары «Менің сүйікті атам», «Менің сүйікті әжем» тақырыптарында фотоколлаж әзірледі.
3. «Менің анам, менің әкем-адал адам» іс-шарасы өткізілді. Оқушылар ата-аналарының жұмысында болып, қызықты сәттерімен бөлісті.
4. «Тәртіптің ең тамаша мектебі - отбасы» тақырыптарында жаңа форматтағы ата-аналар жиналысы өткізілді.
5. 6 сынып ата-аналарымен «Отбасылық дәстүрлер» тақырыбында ата-аналармен кездесу өткізілді.
6. «Аққу» қыздар клубының ұйымдастыруымен өткен «Қыз еркем, қылығымен көркем» атты қалалық байқауда 8 сынып оқушысы Сапархан Айқын анасымен қатысып, 1 орынды иеленді.

Еңбектік, экономикалық және экологиялық тәрбие

1. Облыстық «Эко boom» жобасы аясында мектеп оқушылары пластикалық бөтелке қақпақшаларын жинауға белсенді қатысты.
2. «Еңбек күні» қарсаңында мектеп оқушыларына адал еңбек етудің маңыздылығы туралы сынып сағаттары өткізілді.
3. «Қамқорлық» айлығы барысында мектеп оқушылары қарт адамдардың үйіне барып, көмек көрсетті.
4. Қамқорлық айлығына орай мектеп оқушылары жәрмеңке ұйымдастырып, түскен қаржыға аз қамтылған, көп балалы отбасы балаларына азық-түлік пен қысқы киім алып берді.
5. «Зорлық зомбылықсыз балалық шақ», «бақытты балалық шақ» тақырыптарында бастауыш сынып оқушылары сурет салды.

Интеллектуалдық тәрбие және ақпараттық мәдениет және құқықбұзшылықтың алдын алу

1. Оқушылардың өмір қауіпсіздігінің алдын алу мақсатында жарақаттанудың, жол қауіпсіздігінің алдын алу мақсатында «Жол қауіпсіздігін сақтайық», «Жол ережелері», тақырыптарында сынып сағаттары өткізілді.

2. «Назар аударыңыз, балалар», «Қауіпсіз мектеп автобусы» тақырыбында мектебіміздің полицияның жас көмекшілері тобы оқушыларға жадынама парақтарын таратып, түсіндірме жұмыстар жүргізілді.
3. Өрт қауіпсіздігінің алдын алу мақсатында ақпараттық түсіндірме жұмыстар жүргізілді.
4. Мектеп оқушылары балалар жарақатының және террористік жағдайлардан қорғану тақырыптарында онлайн конференцияға қатысты.
5. Мектеп оқушылары «Жүргізушіге хат» челленджіне белсенді қатысты.
6. Мектеп психологі Өзкей Нұрбақыт ауылдық учаскелік полиция қызметкерімен бірге «Буллинг» пен «Кибербуллингтің» алдын алу барысында ақпараттық түсіндірме жұмыстар жүргізді.
7. Оқушылар арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында учаскелік полиция қызметкері, мектеп директоры, М.Омаров ауылының бас маманы мен кезектен тыс педагогикалық кеңес өткізілді.
8. Жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың және балалар жарақатының алдын алу мен зиянды әдеттерден сақтану «Темекі мен вейптің зияны», «Жол бойындағы қауіпсіздік» тақырыптарында учаскелік полиция қызметкерімен бірге профилактикалық кеңес өткізілді.
9. «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» Республикалық акциясы аясында учаскелік полиция қызметкері Дербисов А.А оқушылармен кездесу ұйымдастырды.
- 10.«Буллингке жол жоқ» тақырыбында сынып сағаттары өткізілді.
- 11.«Мен өз құқығымды білемін» тақырыбында тренинг өткізілді.
- 12.«Менің құқығым» тақырыбында оқушылар сурет салды.
- 13.«Зорлық-зомбылыққа қарсы 16 күн» акциясы аясында Ақу қаласы кәмілетке толмаған балалардың құқығын қорғау қызметкері мен ауылдық учаскелік полиция қызметкері оқушылармен кездесу өткізді.
- 14.Жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында учаскелік полиция қызметкерімен бірге «Бірыңғай апараттық сағат» өткізілді.

Көп мәдениеттілік және эстетикалық-шығармашылық тәрбие

1. Мектеп оқушылары балалыр шығармашылық үйінде өткізілген «Шығармашылық әлемінде» атты байқауға қатысып, Құрманғазы Нұрмахамбет 1орын, Өнербек Арайлым 3 орынды иеленді.
2. «Берекелі алтын күз» мерекесі аталып өтті.
3. Облыстық «Эко boom» жобасы аясында «Күзгі сыйлықтар» акциясына оқушылар белсенді қатысты.
4. Мектебіміздің жас добырашылары қалалық «Ақсу толқыны» байқауына қатысып, 3 орынды иеленді.

Салауатты өмір салтын қалыптастыру

1. Мектебіміздің оқушылары 9 айға 9 іс-шара бойынша «Физкультминутка» өткізілді.
2. «Құтырма» ауруының қауіптілігі туралы ақпарат беру мақсатында оқушылардын арнайы диктант алынды.
3. «Жасқыран life» облыстық жобасы аясында «Күшті, епті, жылдам» спорттық эстафетасы өткізілді.
4. «Тұмаудың алдын алу», «Тұмаудың жұғу жолдары» тақырыбында сынып сағаттары өткізілді.
5. Республика күніне орай шахматтан мектепішілік турнир өткізілді.
6. «Мирас» ұлдар клубының мүшелерімен волейболдан турнир өткізілді.
7. Волейболдан қыздар арасындағы аймақтық турнир. Мектебіміздің қыздар командасы 1 орын.
8. «Темекінің зияны» тақырыбында ақпараттық түсіндірме сағат өткізілді.
9. «Қызылша ауруының алдын алу» сынып сағаттары өткізілді.
10. «Темекенің зияны» тақырыбында диктант алынды. Сонымен қатар «Темекіге жол жоқ» тақырыбында оқушылар қабырға газетін әзірледі.
11. «Еркін тыныс ал» жалпыреспубликалық флешмобқа оқушылар белсенді қатысты.
12. Есімханов Қуат Есімханұлын еске алуға арналған турнирдің финалдық кезеңінде оқушылар командасы 1 орын иеленді. 10 сынып оқушысы Жанарбекұлы Оразалы «Ең үздік шабуылшы» номинациясымен марапатталды.

Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының жұмысы:

1. Ата-аналарды педагогикалық өқолдау орталығының жұмысымен таныстыру мақсатында сынып жетекшілермен арнайы отырыс өткізілді.
2. «Бала тәрмесіндегі ата-ананың рөлі» тақырыбында ата-аналармен кездесу өткізілді.
3. Ата-аналарды қолдау мақсатында ата-аналарға практикалық сабақ пен арнайы тренинг өткізілді.
4. «Даналық мектебі» жұмысын жалғасын тауып, «Әкелер клубы» және «Аналар клубымен» бірге «Достық» спартакиадасы өткізілді. Ата-аналар 5 спорт түрі бойынша «Бес асық», «Дойбы», «Үстел теннисі», «Мылтық ату», «Волейбол» ойнады. Жеңімпаз атанған ата-аналар мақтау қағаздарымен марапатталды. Және соңында ата-аналарға тәтті шәй ұйымдастырылды.
5. «Даналық» мектебінің жұмысы аясында ата-аналарды мекте өмірне қызықтыру және салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында волейболдан мектепішілік сыныптар арасындағы турнир өткізілді. Турнирге 13 сыныптың атынан 13 команда қатысты. 3 аптаға созылған волейбол турнирінде 7 сынып ата-аналары 1 орынды, 2 сынып ата-аналары 2 орынды, 10 сынып ата-аналары 3 орынды иеленді. Жеңімпаз атанған ата-аналар арнайы медальдармен және ауыспалы кубокпен марапатталды.

6. Ата-аналарды педагогикалық қолдау ортылығының жұмысын жалғасын тауып, «Бұлақ көрсең, көзін аш» тақырыбында ата-аналармен кездесу ұйымдастырылды.
7. «Даналық мектебінің» жұмысы бойынша ата-аналармен «Шебердің қолы ортақ» тақырыбында шеберлік сағаттары өткізілді. Шеберлік сағаты барысында қолынан іс келетін аналар мектебіміздің оқушылары мен ата-аналарына қолөнер бұйымдарын жасаудан шеберлік сағат көрсетті.
8. Сонымен қатар ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының жоспарына сәйкес «Құмар ойындардың алдын алу» бойынша ақпараттық сағат өткізілді.

Оқушылардың мектепішілік және мектептен тыс ұйымдармен қамту

Мектебімізде оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастырып, құқықбұзушылықтың алдын алып, салауатты өмір салтын қалыптастыру оқушылардың шығармашылық белсенділіктерін арттыру мақсатында төмендегідей мектепішілік үйірме және секция жұмыстары іске асырылды.

2021-2022 оқу жылы 193 оқушы				2022-2023 оқу жылы 187 оқушы				2023-2024 оқу жылы 196 оқушы			
Үйірме		Секция		Үйірме		Секция		Үйірме		Секция	
«Аманат» домбыра үйірмесі	20 оқушы	Волейбол	15 оқушы	«Аманат» домбыра үйірмесі	13 оқушы	Волейбол	15 оқушы	«Аманат» домбыра үйірмесі	12 оқушы	Асық ату	20 оқушы
«Денсаулық әліпшесі»	12 оқушы	Баскетбол	12 оқушы	Жалпы оқушылар саны -13	Жалпы оқушылар саны 135	Баскетбол	15 оқушы	Жалпы оқушылар саны -13	Жалпы оқушылар саны -103	Волейбол	15 оқушы
		Шахмат	43 оқушы			Шахмат	40 оқушы			Үстел теннисі	15 оқушы
		Қазақша күрес	15 оқушы			Қазақша күрес	15 оқушы			Қазақша күрес	15 оқушы
		Асық ату	13 оқушы			Асық	15 оқушы			Шахмат	38 оқушы
		Футбол	23 оқушы			Футбол	20 оқушы				
		Үстел теннисі	14 оқушы			Үстел теннисі	15 оқушы				
Жалпы оқушылар саны -32	Жалпы оқушылар саны -135										
Қамтылған бала саны – 86,5 %				Қамтылған бала саны – 79 %				Қамтылған бала саны – 58,6 %			

Мектептен тыс оқу бірлестіктерінің тізбесі (факультатив, клуб, үйірме, секциялар)

2021-2022 оқу жылы	2022-2023 оқу жылы	2023-2024 оқу жылы
Саны -3	Саны - 3	Саны - 3
Балалар жасөспірімдер спорт мектебінің филиалы «Қазақша күрес» - 42 оқушы Жетекшісі: Окенов А.М «Волейбол» - 62 Жетекшісі: Баймухамет М.Қ	Балалар жасөспірімдер спорт мектебінің филиалы «Қазақша күрес» - 36 Жетекшісі: Окенов А.М «Волейбол» - 40 Жетекшісі: Баймухамет М.Қ	Балалар жасөспірімдер спорт мектебінің филиалы «Қазақша күрес» - 32 Жетекшісі: Окенов А.М «Волейбол» - 42 Жетекшісі: Баймухамет М.Қ
Балалар шығармашылық үйі «Арман» аула клубы – 120 оқушы Жетекшілері. Кусанова Д.Е Ахтанова Р.	Балалар шығармашылық үйі «Арман» аула клубы – 120 оқушы Жетекшілері. Мұқташ Қ Ахтанова Р.	Балалар шығармашылық үйі «Арман» аула клубы – 120 оқушы Жетекшілері. Кусанова Д.Е Ахтанова Р.

Оқушылардың мектепшілік және мектептен тыс бірлестіктермен қамту кестесі 2021-2022 оқу жылы, 2022-2023 оқу жылы және 2023-2024 оқу жылы.

Тәрбие жұмысының құрамы

2021-2022 оқу жылы		2022-2023 оқу жылы		2023-2024 оқу жылы	
Лауазымы, тегі аты-жөні	Жүктемесі	Лауазымы, тегі аты-жөні	Жүктемесі	Лауазымы, тегі аты-жөні	Жүктемесі
Тәрбие ісінің Меңгерушілері: Амиржанова Акерке Бейсенбекқызы, Зейнелхабдыл Аскар	0,5 0,5	Тәрбие ісінің Меңгерушілері: Амиржанова Акерке Бейсенбекқызы, Зейнелхабдыл Аскар	0,5 0,5	Тәрбие ісінің Меңгерушілері: Амиржанова Акерке Бейсенбекқызы, Зейнелхабдыл Аскар	0,5 0,5
Психолог, Өзкей Нұрбақыт	1	Психолог, Өзкей Нұрбақыт	1	Психолог, Өзкей Нұрбақыт	1
Әлеуметтік педагог. Аскер Ұлжан	1	Әлеуметтік педагог. Аскер Ұлжан	1	Әлеуметтік педагог. Аскер Ұлжан	1
Аға тәлімгер	1	Аға тәлімгер	1	Аға тәлімгер	1

Атаханова Торғын Боранбаевна		Атаханова Торғын Боранбаевна		Атаханова Торғын Боранбаевна	
Спорт нұсқаушысы. Ахтанов Дамир Сабитович	1	Спорт нұсқаушысы. Ахтанов Дамир Сабитович	1	Спорт нұсқаушысы. Ахтанов Дамир Сабитович	1
АӘД пәнінің мұғалімі Тұлебаев Асхат Бауыржанович	1	АӘД пәнінің мұғалімі Тұлебаев Асхат Бауыржанович	1	АӘД пәнінің мұғалімі Тұлебаев Асхат Бауыржанович	1
Кітапханашы Аужанова Бакыт Болатовна	1	Кітапханашы Окенова Айтжамал Машраповна	1	Кітапханашы Окенова Айтжамал Машраповна	1
Медбике Болат Өнер	1	Медбике Болат Өнер	1	Медбике Сапархан Аймарал	1

2021-2024 оқу жылдары бойынша тәрбие жұмысының жеткен жетістіктерінің сандық көрсеткіші.

2021-2022 оқу жылы			2022-2023 оқу жылы			2023-2024 оқу жылы (наурызға дейін)		
Қала	Облыс	Республика	Қала	Облыс	Республика	Қала	Облыс	Республика/ халықаралық
20	10	8	21	11	9	14	5	5

Оқушыларға кәсіптік бағдар беру

Мақсаты: Оқу бейінін және болашақ кәсіби қызмет саласын таңдау процесінде оқушыларға кәсіби бағдарлы қолдау көрсету.

оқушылардың еңбекке саналы көзқарасын қалыптастыру, өз мүмкіндіктеріне, қабілеттеріне сәйкес және еңбек нарығының талаптарын ескере отырып, қызмет саласын таңдау еркіндігі жағдайында кәсіби өзін-өзі анықтау.

Міндеті:

Оқушылармен кәсіптік бағытында диагностикалауды жүргізу.

Оқушыларға оқытудың бейіндік бағытын таңдауда және кәсіп таңдауда консультация беру.

Кәсіптік бағдар беру жұмысы мәселелері бойынша ата-аналар мен ұжымды үйлестіру.

Желтоқсан айында 2022-2023 оқу жылына кәсіби бағдар жұмысының жоспары құрылып талқыланды.

Кәсіптік бағдардың ашылу бойынша 7-10 сынып оқушылар аралығында сынып жетекшілермен бірге профориентатор түсіндірме жұмыстар жүргізіліп. Кәсіби бағдар бойынша мақсат, міндеттері айтылып, жұмыс жоспары мен таныстырылды. Барлығы 70 оқушы, қатысқаны 70 оқушы. Аталған мектептің 7-9 сынып оқушыларының тізімі алынды. Edunavigator .kz сайтымен таныстырылып 7-9 сынып оқушылары тестен өткізілді. Оқушылар 7-9 сыныптар бойынша барлығы 63 оқушы қатысты.

Жаңа мамандықтар мен құзыреттердің атласымен таныстыру жұмыстары жалғасуда.Тестті аяқтап болған соң, оқушылардың қандай мамандыққа бейім екені анықталынып, мамандық бойынша қызығушылықтары арта түсті, оқушыларға едунавигатормен жұмыс жасағаны ұнады. Себебі оқушылар өздеріне керекті көп мәліметті осы сайттан қарап оқып шықты, ең жоғары шыққан мамандық проценті бойынша айлығына дейін жазылып көрсетілгені оқушылардың мамандыққы деген көз қарастарын, қызығушылықтарын арттырды.

Түлектердің орналасуы	2021-2022 оқу жылы		Түлектердің орналасуы	2022-2023 оқу жылы		Түлектердің орналасуы	2023-2024 оқу жылы	
9 сынып 13 оқушы	Колледж 6 оқушы	9 сынып 13 оқушы	9 сынып 21 оқушы	Колледж 6 оқушы	Мектеп 15 оқушы	9 сынып 17 оқушы	Колледж	Мектеп
11 сынып 7 оқушы	Колледж 1 оқушы	11 сынып 7 оқушы	11 сынып 10 оқушы	Колледж 2 оқушы	ЖОО 8 оқушы	11 сынып 7 оқушы	Колледж	ЖОО

Оқушыларды сауықтыру және жазғы демалыстағы бос уақытын тиімді ұйымдастыру.

2021-2022 оқу жылының соңында жазғы демалысының ұйымдастырылуы.

Оқушылардың жазғы еңбек демалысын ұйымдастырудың мақсаты жазғы демалыс кезінде тәрбие үрдісін тиімді дамыту, оқушылардың денсаулығын нығайту, әр оқушының рухани және физикалық мүмкіндіктерін кеңейтуде шаралардың жүйелі кешені жасалады.

Осыған орай мектебімізде жазғы сауықтыру лагері және профилдік, спорттық лагерлері жоспарланып, жүзеге асырылады.

2021-2022 оқу жылында балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыта отырып, жазғы демалысын тиімді ұйымдастыру. Оқушылар арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу.

1 маусым күні «Бар әлем сендер үшін балақай» тақырыбында балаларды қорғау күніне орай мерекелік іс-шара ұйымдастырылды. Балаларға көтеріңкі көңіл-күй сыйлау мақсатында мерекелік іс-шара өткізілді. Оқушыларға тәтті сыйлықтар таратылды. «Жаз-2022» оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыруда «Балауса» сауықтыру лагерінде 62 оқушы, «Интеллект» жазғы мектепте 77 оқушы, «Арман» аула клубы 30 оқушы, «Толағай» спорт лагері 30 оқушы сонымен мектеп ауласын көгалдандыру мақсатында 40 оқушы қамтылды. Оқушылар жазғы уақытта Ақсу қаласының мұражайына және Ақсу қаласындағы балалар экологиялық орталығына саяхат жасады. Жазғы лагерде **«Жас талант», «Денсаулық», «Super positive» жобалары жүзеге асты. Аталмыш жобалардың мақсаты – Оқушылардың бойындағы шығармашылық қабілеттерін шыңдау және оқушылар арасындағы салауатты өмір салтын насихаттау.**

ҚР-ның мемлекеттік Рәміздерінің 30 жылдығына орай веломарафон өткізілді. Марафон 2 кезеңнен тұрды.

1 кезеңде оқушылар 800 метр қашықтықта велосипедпен жүріп өтіп, 2 кезеңде велосипедпен кедергілер арасынан жүрді. Қамтылған оқушы саны – 19

Іс-шараның мақсаты: Оқушылар арасындағы салауатты өмір салтын насихаттау. Мемлекеттік Рәміздердің 30 жылдығына орай «Менің Туым – менің мақтанышым» челлендж. «Туымыз әрбір үйде» акциясы өткізілді.

«Жануарлар әлемінде» тақырыбында әр түрлі жануарлардың ерекшеліктер туралы ақпарат берілді. «Дұрыс тамақтану» тақырыбында ақпарат беріліп, денсаулыққа пайдалы өнімдердің суретін салды.

Сонымен қатар «Менің ауылымның тарихы» тақырыбында оқушылар мектеп мұражайына саяхат жасап, ауыл тарихымен, мектеп тарихымен танысты.

Жаз мезгілі оқушылардың асыға күтетін асыр салып салып ойнайтын мезгілі екендігі белгілі. Алайда, жазғы уақыттағы қауіпсіздік ережелерін естен шығармаған абзал. Осы орайда оқушылардың өмір қауіпсіздігінің алдын алу мақсатында Жамбыл орта мектебінің «Балауса» қысқа мерзімді лагерінде қауіпсіздік шаралары туралы ақпарат беріліп, «Жол ережесін білесің бе?» тақырыбында ақпараттық сағат өткізілді. Оқушылар мол ақпаратпен танысып, жол ережесі туралы видеоролик көріп, сурет салды. Сонымен қатар оқушылар күнделікті танымдық сағаттар мен дәрістер тыңдап, таза ауадағы спорттық ойындар ойнап, күндерін қызықты өткізеді.

«Айқап» журналының редакторы Мұхамеджан Сералиннің 150 жылдығына орай ақпараттық сағат берілді. «Жаңа Қазақстан балалар көзімен» Асфальтқа сурет салу сияқты іс-шаралар өткізілді.

Сонымен қатар мектебіміздің «Тілеубек» отбасы «Сенімен болашақ» ата-аналар қоғамдық бірлестігі мен Ақсу қаласының білім бөлімі бірлесіп ұйымдастырған қалалық «ДЕТКИ-ПРЕДКИ» байқауына қатысып, бас жүлдені қанжығасы байлады.

Сонымен қатар Ақсу қаласының Абай мектебінде өткізілген «Толағай» отбасылық сайысына «Хуанған» отбасы қатысып, 3 орынға ие болды.

Атқарылған жұмыстардың барлығы мектептің әлеуметтік желісіне салынды.

2022-2023 оқу жылының соңында оқушылардың жазғы сауықтыру лагері «Ертегілер елінде» деген атпен 3 ауысымда жұмыс жасады. Жалпы қамтылған оқушылар саны – 182. Жазғы демалыс төрт жоба бойынша жұмысын атқарды. «Театр ғажайыптары» 1-4 сынып оқушыларының сауықтыру лагерінде жүзеге асып, 69 оқушыны қамтыса, «Спорт әлемінде» жобасы 30 оқушыны қамтыды, «Дарын» профилдік жоба 30 оқушыны, «Super positive» жобасы қосымша білім беру ұйымдарының ұйымдастыруымен 56 оқушыны қамтыды.

«Менің туған өлкем» тақырыбында аймақтық фестиваль өткізілді. Аталмыш фестивальге С.Дөнентаев және Еңбек орта мектебінің оқушылары қатысты. Фестиваль 5 бағыт бойынша өткізілді.

«Мен чемпион» көңілді мәре, «Алтын сақа» асық ойыны, «Quiz» Туған жерді танып біл 3 тілде викторина, қыздар арасында «Бес асық» ойыны, «Тарихы терең - Ақсуым» КВЕСТ ойыны және «Робот шебері» шеберлік сағаты өткізілді. Сонымен қатар оқушылармен «Кім жылдам?», «Біз бақытты баламыз» көңілді эстафета, «Қалпақ», «Гүлдер әлеміне саяхат», «Қағаз бетіндегі саяхат», «Мен бақытты жанұяның баласымын», «Үнді күні», «Нептун күні» секілді қызықты іс-шаралар және саяхаттар ұйымдастырылды. Жоғары сынып ұлдары арасындағы «Мирас» ұлдар клубының жетекшісі АӘД пәнінің мұғалімі Тулебаев А.Б туристік жорық ұйымдастырды.

2023-2024 оқу жылындағы оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыру «Жайдарлы жаз-2024» жобасымен іске асырылатын болады. 1-10 сынып оқушылары жазғы демалыспен толық қамтылатын болады. Жалпы қамтылатын оқушы саны – 189.

Оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыру

2021-2022 оқу жылы «Жаз-2022»				2022-2023 оқу жылы «Ертегілер елінде-2023»				2023-2024 оқу жылы «Жайдарлы жаз - 2024»			
«Балауса» сауықтыру лагері	«Интеллект» профилді лагері	«Толағай» спорттық лагері	«Арман» аула клубы	«Театр ғажайыпт ары»	«Спорт әлемінде»	«Дарын» Профилді лагері	«Super positive»	«Балауса» сауықтыру лагері	«Дарын» профилді лагері	«Толағай» спорт лагері	«Super positive»
62 оқушы	77 оқушы	30 оқушы	30 оқушы	69 оқушы	30 оқушы	30 оқушы	56 оқушы	73 оқушы	46 оқушы	30 оқушы	25 оқушы

Мектебімізде тәрбие бағыты бойынша әр бағыт жоспарланған іс-шараларды өткізіп, мектептің әлеуметтік желілеріне жариялайды. Жалпы тәрбие іс-шараның мазмұны және мақсаттары нәтижеге бағытталған. Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес келеді және өткізілген іс-шараларды талдау, қорытындылау жұмыстары әр ай сайын талқыланып, анықталған мәселелермен жұмыстар жасалып отырады.

5. Оқу материалдық құралдар.

1. Павлодар облысы білім басқармасының Ақсу қаласы білім бөлімінің «Жамбыл орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде материалдық-техникалық база мен техникалық жарақтандыру қолданыстағы заңнама нормаларына сәйкес келеді және білім беру процесін сапалы ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Үй-жайлар қауіпсіздік техникасы мен өртке қарсы қауіпсіздік ережелеріне сәйкес жабдықталған. Сыныптар мен дәліздерде гүлдер бар. Санитарлық өңдеуге қойылатын гигиеналық талаптар сақталады. Мектепте өртке қарсы қауіпсіздік құралдары жеткілікті: барлық кабинеттерде өрт сөндіргіштер бар, өрт қалқаны, эвакуациялау жоспары жабдықталған.

2. Ғимарат туралы мәліметтер: Павлодар облысы, Ақсу ауданы, М.Омаров ауылы, Арғынбаев көшесі, 1 «Жамбыл орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі 1981 жылы салынған. Жобалық қуаты - 392 орындық. Мектеп ғимараты типтік, құрылыс материалы – бетон блоктан, кірпіштен салынған, жылу пеш қазандығынан беріледі. Жалпы ауданы - 3838,6 м², пайдалы алаңы - 2787,1 м². 2 қабатты ғимарат, 2 блоктан тұрады.

3. Материалдық активтердің болуы туралы мәліметтер: Мектепте 0-11 сыныптары 1 ауысымда оқытылады. Мектептің жалпы ауданы: 985,1 шаршы метр 20 оқу кабинеті жабдықталған: 4 бастауыш сынып кабинеті, 1 робототехника кабинеті: робототехника кабинеті заманауи робототехникалық конструктор R:ED X жинақтағышымен жабдықталған, IT кабинеті, 1 математика кабинеті, 1 физика кабинеті-жаңа модификация кабинеті, зертханалық кабинеті бар, 1 информатика кабинеті, 1 зертханалық кабинеті бар химия кабинеті, 1 биология кабинеті-жаңа модификация кабинеті, 1 тарих кабинеті, 1 шет тілі кабинеті, 1 қазақ тілі кабинеті, 1 қару-жарақ бөлмесі бар, алғашқы әскери дайындық кабинеті, 1 мектепалды даярлық сыныбы кабинеті, 1 ағаш өңдеу шеберханасы, 1 еңбек кабинеті және қыздарға арналған шағын кабинет, 1 шахмат кабинеті, әлеуметтік-психологиялық қызмет кабинеті, медициналық кабинет; сондай-ақ 2 спортзал, 2 мәжіліс залы, кітапхана, әдістеме кабинеті, Мәшһүртану кабинеті, ұлттық құндылықтарды дамыту мақсатында мектебімізде «Рухани Жаңғыру» кабинеті, директор кабинеті, мұражай, тамақтану объектісі (асхана) бар. Оқу кабинеттері білім алушыларға арналған жұмыс орындарымен, мұғалімнің жұмыс орнымен жабдықталған, жиһаз оқушылардың өсуіне сәйкес таңдалған. Бастауыш сыныптардың кабинеттері жеке пайдалануға арналған шкафтармен жабдықталған. Жаңа модификация

кабинеттері: физика, биология, химия кабинеті. Барлық кабинеттер зертханалық және практикалық жұмыстарды жүргізу үшін қажетті жабдықтармен жабдықталған. Ағаш өңдеу шеберханасында жеткілікті құралдар мен жұмыс істейтін станок бар. Қыздарға арналған еңбек кабинетінде электр тігін машиналары, ас үй аймағы, еңбек сабақтарын өткізуге арналған бөлме бар. Мектепте киім ауыстыратын бөлмелері, спорттық жабдықтарға арналған бөлмелері бар спорт залы бар. Спорттық база білім беру процесінің қажеттіліктеріне сәйкес жасақталған. Кітапхана мектеп ғимаратының бірінші қабатында орналасқан, ауданы 82,4 шаршы метр. Кітапханада оқу залы бар: 10 орындық, кітапханашының жұмыс орны. "Оқуға Құштар Мектебі" бұрышы, келіп түскен көркем әдебиетке арналған көрме сөрелері, сондай-ақ оқу және көркем әдебиетке арналған сөрелер безендірілген. «Оқуға Құштар Мектебі» жобасы аясында Буккроссинг құрылды. Мерейтой жазушыларға арналған бұрыш жасалады. Кітапханада «Бір ел- бір кітап», «Рухани Жаңғыру», көрмелері бар. «Кітапханалық қызмет көрсету "Кітапхана туралы Ережеге" сәйкес жүзеге асырылады. Оқырмандар кітапхана қорынан баспа басылымдарын уақытша пайдалануға алады, бұқаралық іс-шараларға қатысады. Мектеп кітапханасының балансында оқу әдебиеттері бар. Қазіргі уақытта кітапхананың оқу қоры "Атамұра", "Мектеп", "Алматыкітап", "Арман ПВ" баспаларының жаңартылған білім мазмұнына толық сәйкес келетін оқулықтардан тұрады. Оқу қорын толықтыру әр оқу жылында жүзеге асырылады. Қорды сақтау, сондай – ақ ескірген оқулықтарды, оқу-әдістемелік және жарамсыз болып қалған, ескірген әдебиеттерді есептен шығару бойынша жұмыстар жүйелі түрде жүргізілуде. Көркем әдебиет қоры білім беру бағдарламаларына сәйкес құрылады. Келіп түскен барлық әдебиеттер жиынтық, инвентарлық кітапқа енгізіледі. Анықтамалық-библиографиялық қор бар: сөздіктер, пәндер бойынша анықтамалықтар, оқу жылы ішінде сабаққа дайындық үшін белсенді қолданылатын балалар энциклопедиялары. Мектепте бейнебақылау камералары орналастырылған: саны – 32 дана, оның ішінде ішкі - 17, сыртқы -15. Мектепте жылы санитарлық тораптар орналастырылған: жылы дәретхана (унитаз) – 15, қол жуу раковиналары – 18. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар үшін мектеп арнайы санитарлық тораптармен, тактильді жолақтармен, шақыру түймесі және пандуспен жабдықталған. Мектеп жанында 2009 жылы бір топты «Достық» шағын орталығы ашылды. Аумағы 383,4 шаршы метр. Кейін 2017 жылы екінші топ және 2023 жылы үшінші топ ашылды. Шағын орталықта 3 топта 50 бүлдіршін тәрбиеленуде. Шағын орталық төсек – орын керек – жарақтарымен толық қамтылған. Киім ілетін 5 – секциялық шкаф, кір жуғыш автомат машинасы, шаңсорғыш, үтік, киім кептіргіш, үтік тақтайшасы, сүлгілер, сүлгі ілетін ілгіштер, инвентарь салатын шкафтармен қамтамасыз етілген. Санитарлық тораптар орналастырылған. Тәрбиешілер дербес компьютермен қамтылған. Мектебімізде медициналық кабинет жұмысын атқарады. Кабинеттің аумағы - 66,25 шаршы метр. Мектепте ауыл маңы

бөлімшелерінен (Көктерек, Сырлықала, Дөнентаев) 34 оқушы автобуспен тасымалданады. Автобус үшін жылы тұрақ қарастырылған. Жылы тұрақтың ауданы – 54,4 шаршы метр.

6. Ақпараттық ресурстар және кітапханалық қор

Кітапхана мектеп ғимаратының бірінші қабатында орналасқан . Кітапхананың жалпы ауданы – 82 ш. м. Абонемент оқу залымен біріктірілген. Оқу залындағы орындардың саны – 10 дана. Жеке кітап қоймасының болмесі– 16,2 ш.м. Кітапхана мен кітап қоймасын жарықтандыру санитарлық-гигиеналық талаптарға сәйкес келеді. Кітапхана жұмысын ұйымдастырады: меңгеруші. Кітапхана меңгерушісі – Окенова Айтжамал Машраповна - жалпы жұмыс өтілі 28 жыл, кітапханалық жұмыс өтілі- 4жыл 8ай, осы мектепте – 16 жыл

Кітапхананы жаңғыртуға дейін материалдық-техникалық жарақтандыру:

* компьютер-1 дана (кітапхана қызметкерлері үшін)

* принтер – 1 дана.

№ Р / С	Көрсеткіштері	2021-2022 оқу жылы	2022-2023 оқу жылы	2023-2024 оқу жылы
1.	Қордың жалпы көлемі Олардың ішінде: -оқулықтар мен оқу құралдары - көркем және басқа әдебиетер	Жалпы қор 9794 Олардың ішінде: Оқу қоры -4777 Көркем әдебиет- 5017 Электронды.қор - 143	Жалпы қор 10998 Олардың ішінде: Оқу қоры - 5969 Көркем әдебиет - 5029 Электронды.қор - 143	Жалпы қор 10098 Олардың ішінде: Оқу қоры- 5101 Көркем әдебиет 4997 Электронды.қор 143
2.	Бір жыл ішінде түсті Олардың ішінде: -оқулықтар мен оқу құралдары - көркем және басқа әдебиеттер	Оқу қоры - 1611 Көркем әдебиет - 60	Оқу қоры - 954 Көркем әдебиет - 0	Оқу қоры - 604 Көркем әдебиет – 155
3.	Бір жыл ішінде жойылды: Олардың ішінде: -оқулықтар мен оқу құралдары - көркем және басқа әдебиеттер	Оқу қоры -467 Көркем әдебиет – 48	Оқу қоры -1822 Көркем әдебиет – 32	Оқу қоры – 586 Көркем әдебиет – 266

Мектепте аталған платформалар бойынша мұғалімдер , білім алушылар білім алуда:

Bilim Center-білім берудің онлайн платформасы оқу бағдарламасына сәйкес әзірленген, мектепте оқытылатын пәндер бойынша интерактивті сабақтар мен факультативтер, сондай-ақ оқушылардың бойындағы ХХІ ғасыр дағдыларын дамытуға және мектеп теориясын іс жүзінде қолдануға арналған қосымша ресурстар.

Daryn.online — Қазақстанда бонус жүйесі арқылы баланы ынталандыруға жетелейтін, онлайн режимде білім беретін бірегей платформа. **Daryn.Online** қазақстандық оқушыларға уақыт пен қашықтық теңсіздігіне қарамай білім алуға мүмкіндік береді.

TopIQ – заманауи цифрлық оқулықтар платформасы.

7. Білім алушылардың білімін бағалау

Бағаланатын кезең бойынша ұсынылған құжаттарды және электронды журналды зерттеу барысында 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдары білім беру мазмұнын игеру мақсатында аралық,ағымдық, қорытынды жұмыстарының нәтижелері зерделенді.Мектептің 2021-2022, 2022-2023 және ағымдағы оқу жылында ІІ тоқсанның білім сапасы мониторингісі жасалып, талдау-сараптау жұмыстары жүргізіліп, нәтижесі педагогикалық кеңестерде талқыланып, іске асырылып отыруда.

3 жылдағы оқушылардың үлгерімі мен білім сапасын салыстырмалы талдау

№1 кесте

2021-2022 оқу жылы		2022-2023 оқу жылы		2023-2024 оқу жылы (2 тоқсан)	
үлгерім %	сапа %	үлгерім %	сапа %	үлгерім %	сапа %
100%	50,28%	100%	56,8%	100%	55,3%

3 жылдағы оқушылардың үлгерімі мен білім сапасын салыстырмалы талдау

№2 кесте

Оқыту кезеңдері	2021-2022 оқу жылы		2022-2023 оқу жылы		2023-2024 оқу жылы (2 тоқсан)	
	үлгерім %	сапа %	үлгерім %	сапа %	үлгерім %	сапа %
2–4 сынып	100%	57,63%	100%	60,0%	100%	55,5%
5–9 сынып	100%	46,53%	100%	50,53%	100%	52,4%
10–11 сынып	100%	47,06%	100%	82,35%	100%	68,1%

Сыныптар бойынша соңғы үш жылдағы сабақ үлгерімі

Пәндер	Сынып	2021-2022 оқу жылы		2022-2023 оқу жылы		2023-2024 оқу жылы	
		Білім сапасы %	Үлгерім %	Білім сапасы %	Үлгерім %	Білім сапасы %	Үлгерім %
Қазақ тілі	2-11	72,0	100	76,2	100	74,1	100
Қазақ әдебиеті	5-11	77,2	100	81,9	100	76,4	100
Әдебиеттік оқу	2-4	79,2		81,2		67,2	
Орыс тілі мен әдебиеті	2-11	69,2	100	75,6	100	65,0	100
Математика	2-6	63,3	100	69,3	100	65,4	100
Алгебра	7-11	65,2	100	68,5	100	59,2	100
Геометрия	7-11	66,1	100	75,0	100	64,2	100
Информатика		89,7	100	85,3	100	67,5	100

География	7-11	74,6	100	79,3	100	69,9	100
Биология	7-11	71,0	100	76,9	100	68,6	100
Жаратылыстану	2-6	85,0	100	76,8	100	71,5	100
Дүниетану	2-4	78,7	100	83,8	100	69,3	100
Ағылшын тілі	2-11	65,5	100	68,3	100	63,2	100
Химия	7-11	75,0	100	87,3	100	80,9	100
Физика	7-11	64,8	100	66,3	100	62,0	100
Қазақстан тарихы	5-11	72,0	100	77,4	100	73,6	100
Дүниежүзі тарихы	5-11	79,8	100	79,3	100	69,9	100
Құқық	9-11	100	100	92,3	100	76,5	100

Қорытынды аттестаттау:

Мектептің **2021-2022, 2022-2023** оқу жылдарында 9,11 сыныптың оқушылары мемлекеттік емтихан тапсырған. Сынып журналдарына тоқсандық, емтихан бағалары және қорытынды баға емтихан бағасына қарай шығарылған. Білім беру мазмұнының аралық, ағымдық бақылау жұмыстарының нәтижелерінің талдауы орта білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың нысанына Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министірлігінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығының 2 қосымшасы және 2021 жылдың 16 қыркүйегіндегі №472 бұйрығының 2 қосымшасына сәйкес берілген. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу бағдарламаларын білім алушылардың игеруін бақылау мақсатында білім беру ұйымдары «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығына сәйкес білім алушылардың үлгерімін ағымдық бақылауды және қорытынды аттестаттауды жүзеге асырып келді.

9 сынып бойынша қорытынды аттестаттаудың нәтижесі /2021-2022 оқу жылы/

Сыныбы	Оқушы саны	Пән мұғалімі	Пәні	5	4	3	Білім сапасы %	Үлгерім %
9	13	Маканова К.К.	Қазақ тілі	2	5	6	53,8	100
	13	Темиралина Г.Б.	Математика (алгебра)	-	4	9	30,7	100
	13	Тулбаева Г.Е.	Орыс тілі мен әдебиеті	1	7	5	61,5	100
	13	Нурумова А.Б.	Таңдау пәні (Қазақстан тарихы)	4	6	3	76,9	100

11 сынып бойынша қорытынды аттестаттаудың нәтижесі / 2021-2022 оқу жылы/

Сыныбы	Оқушы саны	Пән мұғалімі	Пәні	5	4	3	Білім сапасы %	Үлгерім %
11	7	Маканова К.К.	Қазақ тілі	3	4	-	100	100
	7	Жумагулова А.С.	Алгебра және анализ бастамалары	3	-	4	42,8	100
	7	Тулбаева Г.Е.	Орыс тілі мен әдебиеті	3	3	1	85,7	100
	7	Нурумова А.Б.	Қазақстан тарихы	5	4	-	100	100
	4	Темиргалиев Ж.Т.	Таңдау пән (физика)	1	1	2	50	100
	2	Амиржанова А.Б.	Таңдау пәні (биология)	2	-	-	100	100
	1	Нурумова А.Б.	Таңдау пән (география)	1	-	-	100	100

ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығының 45 тармағына 3 тарауына сәйкес жақсы мінез-құлық танытқан 5-11 сыныптар аралығында барлық пәндерден жылдық және қорытынды бағалары «5» болған және қорытынды аттестаттаудан «5» деген бағаға өткен 3 оқушыға «Білім туралы мемлекеттік үлгідегі

құжаттардың түрлері мен нысандарын және оларды беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 14 наурыздағы №118 бұйрығымен бекітілген нысан бойынша жалпы орта білім туралы «Үздік аттестат» Жанибекқызы Ляззатқа, Куанова Сабина Жаксылыковнаға, Назетхан Саулеге берілді.

9 сынып бойынша қорытынды аттестаттаудың нәтижесі /2022-2023 оқу жылы/

Сыныбы	Оқушы саны	Пән мұғалімі	Пәні	5	4	3	Білім сапасы %	Үлгерім %
9	21	Маканова К.К.	Қазақ тілі	6	11	4	80,9	100
	21	Жумагулова А.С.	Математика (алгебра)	6	5	10	52,3	100
	21	Сагитжанова Ш.Б.	Орыс тілі мен әдебиеті	7	10	4	80,9	100
	11	Нурумова А.Б.	Таңдау пәні (Қазақстан тарихы)	4	5	2	81,8	100
	10	Амиржанолва А.Б.	Таңдау пәні (биология)	2	6	2	80,0	100

ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығының 3 тарау, 43 тармағына сәйкес негізгі орта білім туралы аттестатқа қосымшаға енгізілген пәндерден «5» деген бағасы бар және қорытынды аттестаттаудан «5» деген бағаға бітірген 3 оқушыға Абайдинова Сымбат Ардаковнаға, Хусман Назерке Енсегенқызына, Хуспан Назеркеге негізгі орта білім туралы «Үздік аттестат» берілді.

11 сынып бойынша қорытынды аттестаттаудың нәтижесі /2022-2023оқу жылы/

Сыныбы	Оқушы саны	Пән мұғалімі	Пәні	5	4	3	Білім сапасы %	Үлгерім %
11	10	Мустафанова Б.М.	Қазақ тілі	8	2	-	100	100
	10	Темиралина Г.Б.	Алгебра және анализ бастамалары	6	3	1	90	100
	10	Сагитжанова Ш.Б.	Орыс тілі мен әдебиеті	7	3	-	100	100
	10	Самархан Е.	Қазақстан тарихы	8	2	-	100	100
	2	Амиржанова А.Б.	Таңдау пәні (биология)	2	-	-	100	100
	5	Темирғалиев Ж.Т.	Таңдау пәні (физика)	3	1	1	80	100
	3	Самархан Е.	Таңдау пәні (дүниежүзі тарихы)	3	-	-	100	100

ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығының 45 тармағына 3 тарауына сәйкес жақсы мінез-құлық танытқан 5-11 сыныптар аралығында барлық пәндерден жылдық және қорытынды бағалары «5» болған және қорытынды аттестаттаудан «5» деген бағаға өткен 1 оқушыға Нұқтар Асем Қайралғанқызына «Білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттардың түрлері мен нысандарын және оларды беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017жылғы 14 наурыздағы №118 бұйрығымен бекітілген нысан бойынша жалпы орта білім туралы «Үздік аттестат» берілді, 2 оқушыға Дорбетхан Аружан Арғынбекқызы, Хусман Ақеркеге Енсенгенқызы жалпы орта білім туралы «Алтын белгі » иегері атанды.

IX. Кемшіліктер мен ескертулер, оларды шешу жолдары

1. Мұғалімдердің білім деңгейін арттыру бойынша жұмыс: орта арнаулы білімі бар мұғалімдер-жоғары білім алу, жоғары білімі бар мұғалімдер -«магистр» атағын алу.
2. Мұғалімдер біліктілікті арттыру курстарынан уақтылы өтуді жалғастыру /үш жылда 1 рет
3. Өзін-өзі жетілдіру тақырыптары бойынша жұмысты белсенді жалғастыру (облыстық және республикалық деңгейдегі семинарларда өз тәжірибелерімен бөлісу)
4. Оқушыларды және педагогтерді байқауларға, жарыстарға, олимпиадаларға қатысуға тарту үшін жұмыс жасау пайызын көтеру.
5. Оқу-материалдық активтердің деңгейі жеткіліксіз.

X. Қорытындылар мен ұсыныстар

1. Педагогтердің сапалық құрамының деңгейі қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес келеді.
2. Барлық педагогтар мектептің перспективалық жоспарына сәйкес аттестаттаудан өтеді
3. Оқушыларды облыстық, республикалық байқауларға дайындауға бүкіл педагогикалық ұжым атсалыспақ
4. Барлық педагогтар мектептің перспективалық жоспарына сәйкес курстық қайта даярлаудан өтеді.
5. Оқушы- Ата- ана-Мектеп үш одақтың байланысын нығайту.
6. Оқу жұмыс жоспары және вариативті компонентті іске асыру талаптарға сәйкес келеді бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің МЖМБС және ҮОЖ-ы
7. Мектептің тәрбие жұмысын ұйымдастыру жалпыадамзаттық, ұлттық құндылықтарды сіңіруге негізделген, рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркем-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз етеді. Білім алушылардың мүдделеріне сәйкес үйірме жұмысының түрлерін әр түрлі құру
8. Инклюзивті білім беру білім алушылар үшін талаптарына сәйкес келетін бағдарламалар мен жоспарлар ұйымдастырылған.
9. "Өмір қауіпсіздігінің негіздері", "Жолда жүру ережелері" оқу курстарын іске асыру бағдарламаларға сәйкес келеді, дене шынықтыру, АӘЖТД, дүниетану пәндерінде және сынып сағаттарында.
10. Оқу және көркем әдебиеттің кітапханалық қорының болуы жеткілікті және үнемі толықтырылып отырады.
11. 4,9 сынып оқушыларының жетістік деңгейін жақсы деп тану. Оқушылардың оқу жетістіктерінің деңгейін арттыру бойынша жұмыс жалғастыру.
12. Білім беру қызметтерінің сапасына деңгейі жақсы деп танылады.

**Павлодар облысының білім беру басқармасы,
Ақсу қаласы білім беру бөлімінің
«Жамбыл орта мектебі»КММ шағын орталығының
“Өзін-өзі бағалау”барысындағы оқу-әдістемелік жұмысының
Сараптамасы**

1. Мектепке дейінгі топтар жөнінде мәліметтер

Білім бөлімінің 2009 жылғы 31 шілдедегі № 431/4 қаулысы негізінде «Балаларды толық күн бойы оқытылатын мектепке шағын орталықтарын ашу» бұйрығына сәйкес «Достық» шағын орталығында бір топ ашылып, онда 20 бала тәрбиеленді.

2017 жылғы 4 қыркүйектегі № 5-04/75 қаулысы бойынша «Балаларды толық күн бойы оқытылатын мектепке шағын орталықтарын ашу» бұйрығына сәйкес «Күншуақ» топ ашылып, онда 20 бала тәрбиеленді.

2023 жылғы 1 қыркүйектегі № 5-04/34 Қаулысымы «Балаларды толық күн бойы оқытылатын мектепке шағын орталықтарын ашу» бұйрығына сәйкес «Балдырған» тобы 17 балаға арналған ашылды.

2023-2024 оқу жылында 3-топта, 6-тәрбиеші жұмыс істейді. «Достық» тобында 17 балаға орын ашылды, қазіргі жағдайда 17 бала тәрбиеленуде; «Балдырған» тобында 17 балаға орын ашылды, қазіргі жағдайда 16 бала тәрбиеленуде; «Күншуақ» тобында 16 балаға орын ашылды, қазіргі жағдайда 15 бала тәрбиеленуде. Қазіргі жағдайда 3- топта 48 бала тәрбиеленуде.

2023-2024 оқу жылы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабының 6-тармағына және 14-бабының 1-тармағына, «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) (бұдан әрі - Стандарт) талаптарына сәйкес әзірленді.

Бағдарламаның міндеттері мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту үшін жайлы және қауіпсіз білім беру жағдайларын жасау, баланың даралығы мен субъективтілігін қолдауға бағытталған дамытушы заттықкеңістіктік ортаны, оның ішінде арнайы ортаны құру, олардың жас ерекшеліктеріне сәйкес біліктері мен дағдыларын қалыптастыру, мектепке дейінгі білім берудің сабақтастығы мен үздіксіздігі ұстанымдарын қамтамасыз ету, балалардың физикалық дамуы, коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, элеуметтік эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру.

Бағдарламаның мазмұны балалардың физикалық және психикалық дамуының жас кезеңдерін ескере отырып, келесі жас топтарында іске асырылады:

кіші топ – 2 жастағы балалар;
 ортаңғы топ – 3 жастағы балалар;
 ересек топ – 4 жастағы балалар;
 мектепалды даярлық сынып – 5 жастағы балалар.

Жалпы шағын орталық бойынша стандартқа сай тәрбие - оқу жұмыстары жоспар бойынша орындалып отырылды.

Орталықтың оқыту тілі қазақ тілінде, жұмыс уақыты "Достық" шағын орталық тобында 10 сағаттық. Ата-аналармен мекеме арасында келісім шарт бар.

Оқу бағдарламасы мектепке дейінгі Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына негізделген.

Шағын орталықтың материалдық - техникалық базасының жағдайы педагогикалық талаптарға, білім деңгейіне және санитарлық нормаларға сәйкес келеді. Топ бөлмелері балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес жиһаздармен жабдықталған. Әрбір топта ойын, жатын, қабылдау және жуынатын бөлмелері бар. Сан ПИН талаптарына сәйкес келеді. Тәрбиешілердің күшімен орталықтар стандартпен, типтік бағдарламаның талаптарына, балалардың жасына сай үнемі толықтырылып отырады.

Шағын орталықта баланың айналасында, ол өмір сүретін және ойын арқылы білім алатын арнайы заттық-дамытушы ортасы құрылған. Бұл орталарда мектепке дейінгі жастағы бала жан - жақты дамиды, сезімталдық қабілеттері қалыптасады, өмірлік тәжірибе жинайды, түрлі заттар мен құбылыстарды реттеуге және салыстыруға үйренеді.

2.Кадрлық құрамға талдау

Оқу жылы	Педагогтар саны	Жоғары	%	оның ішінде мектепке дейінгі жоғары білімі бар	%	арнайы орта білімді	%	оның ішінде мектепке дейінгі арнайы орта білімі бар	%	сырттай оқитындар	%
2021-2022	5	4	80%	1	20%	0		1	20%	3	60%
2022-2023	5	4	80%	3	60%	0		1	20%	1	20%
2023-2024	7	7	100%	4	57%	0		1	14%	0	0

2021-2022 оқу жылында педагогикалық кадрлар саны -5, арасында 80% жоғары педагогикалық білімі бар, оның ішінде мектепке дейінгі –20%. Педагогтердің ішінде арнайы орта білімі бар бір тәрбиеші оның ішінде мектепке дейінгі – 1 (20%) Осылайша, педагогтердің 100% педагогикалық білімі бар.3 педагог сырттай мектепке дейінгі бөлімде оқиды - 60%.

2022-2023 оқу жылында педагогикалық кадрлар арасында 80% жоғары педагогикалық білімі бар, оның ішінде мектепке дейінгі –60%. Педагогтердің арасында 1 педагогта арнайы орта білімі бар, оның ішінде мектепке дейінгі – 20%. Осылайша, педагогтердің 100% педагогикалық білімі бар. Мектепке дейінгі жоғары білімі бар педагогтердің саны өткен жылмен салыстырғанда 40% - ға артты. 1 педагог сырттай мектепке дейінгі бөлімде оқиды 20% құрайды.

2023-2024 оқу жылында педагогикалық кадрлар саны артты, тағы бір топ ашылуына байланысты.Барлығы педагогтар саны-7. Барлық педагогтар жоғары білімді, 100% жоғары педагогикалық білімі бар. Мектепке дейінгі білімдері бар педагогтар саны-5 (71%) . Оның ішінде 1 педагогта мектепке дейінгі арнайы орта білім. Бұл кестелер соңғы жылдары мектепке дейінгі білім беру саласындағы шағын орталық педагогтерінің білім деңгейі артып келе жатқанын көрсетеді.

Қосымша жұмыс жасайтын

Оқу жылы	Педагогтар саны	Жоғары	%	оның ішінде мектепке дейінгі жоғары білімі бар	%	арнайы орта білімді	%	оның ішінде мектепке дейінгі арнайы орта білімі бар	%	сырттай оқытындар	%
2021-2022	1	1	100%	0	0	0	0	0	0	0	0
2022-2023	1	1	100%	0	0	0	0	0	0	0	0
2023-2024	1	1	100%	0	0	0	0	0	0	0	0

2021-2024 оқу жылында педагогикалық кадрлар арасында қосалқы жұмыс жасайтын бір педагог, дене шынықтыру сабақ беретін мұғалімі Закенов.А.Б

2021-2024 оқу жылдарында педагогтардың сапалық деңгейі

Оқу жылы	Педагогтер саны	Педагог-зерттеуші	%	Педагог-сарапшы	%	Педагог-модератор	%	Жоғарғы санат	%	1-санат	%	2-санат	%	педагог	%	Санатсыз	%
2021-2022	5	0	0	0	0	1	20%	0		1	20%	1	20%	0		2	40%
2022-2023	5	0	0	0	0	1	20%	0		1	20%	1	20%	0		2	40%
2023-2024	7	0	0	0	0	3	43%	1	14%	0	0	1	14%	2	29%		

Педагог қызметкерлерді аттестаттаудың негізгі мақсаты- білім беру саласында қызметкерлердің педагогикалық шеберлігін жетілдіру, ең үздік инновациялық педагогикалық тәжірибені жалпылау және кеңінен тарату.

Педагогтердің әдістемелік - зерттеу әрекетін ынталандыру, талантты педагогтерді анықтау, оларды қолдау және мадақтау, педагог - зерттеуші еңбегінің беделін арттыру, педагогикалық тәжірибені жалпылау түрлерін жетілдіру, педагогтердің әдістемелік және практикалық қызметін насихаттау болып табылады.

Педагог қызметкерлерді аттестаттау Ережесіне сәйкес аттестация 5 жылда бір рет өткізіледі. Аттестацияның мақсаты: педагог қызметкерлердің еңбегін тиімді бағалау жүйесін құру, олардың кәсіби өсуіне көмек көрсету, біліктіліктерін үздіксіз көтеру, еңбек нәтижесін көрсету. Педагогтер біліктілік санаттарын құрылған кестеге сай әр бес жыл сайын көтереді немесе растайды.

Педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру

Оқу жылы	2021-2022	%	2022 -2023	%	2023- 2024	%
Педагогтер саны	3	60%	2	40%	1	14%

Қосалқы пән нұсқаушысының педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру

Оқу жылы	2021-2022	%	2022 -2023	%	2023- 2024	%
Педагогтер саны					1	33%

Педагог кадрлардың біліктілігін арттыру – кәсіби оқыту нысаны. Білім алушыларға сабақ беру мен оқыту сапасын арттыру үшін педагогтер өзінің кәсіби білімі мен іскерлігін үздіксіз жетілдіріп отырады. Білімді де білікті мамандардың бойында іргетасы нық қаланған жүйелі білім, кәсіби іскерлік пен дағды, шығармашылық белсенділік пен еркіндік, мәдени ойлай білу қабілеттерін дамыту барысында педагог кадрларының біліктілігін арттыру қарастырылған.

Қазіргі таңдағы ұстаздардың алдында тұрған басты мақсат – ғылым мен техниканың даму деңгейіне сәйкес білімі терең, іскер және ойлауға қабілетті, әлемдік стандарттар негізінде жұмыс істей алатын, бәсекеге қабілетті құзырлы тұлғаны қалыптастыру.

Кадрлармен жұмыс жүргізу барысында міндетті түрде педагогтердің кәсіби құзіреттіліктерін көтеруге, шығармашылық бастамашылдықтарын дамытуға, жаңа педагогикалық технологияларды ізденуге және меңгеруге көңіл бөлінеді. Соңғы жылдары педагогтердің жалпы санының 100%ы курстық қайта даярлаудан өтіп, педагогикалық шеберліктерін арттырды. 2021-2022 оқу жылы 5 педагог ішінде 3 педагог даярлық курстан өтті, 2022-2023 оқу жылы 5 педагог ішінен тағы екеуі курстан өтті, сонымен 100 % болды. 2023-2024 оқу жылы 7 педагог болды, оның ішінен 1 педагог курс өтті, бір педагог 2021 жылы өткен. Сонымен 100 % педагогтер даярлық курстан өтіп білімдерін арттырды.

Педагогтардың еңбек өтілі бойынша мәлімет

Жылдар	2021-2022	%	2022-2023	%	2023-2024	%
Барлығы	5		5		7	
3 жылға дейін	1	20%	1	20%	1	14%
5-10 жылға дейін						
10-20 жылға дейін	3	60%	3	60%	4	57%
20- жылдан көп	1	20%	1	20%	2	29%

Ең көп еңбек өтілі 20- жылдан көп -29 % , 20 жылға дейінгі мұғалімдер құрайды – 57% , 14% - 3 жылға дейін;

Қосымша жұмыс жасайтын педагогтардың еңбек өтілі бойынша мәлімет

Жылдар	2021-2022	%	2022-2023	%	2023-2024	%
Барлығы	1		1		1	
3 жылға дейін	1	100%	1	100%	0	0
5- жылға дейін					1	100%
10-20 жылға дейін						
20- жылдан көп						

Ең көп топты еңбек өтілі 20- жылдан көп -0 % , 20 жылға дейінгі мұғалімдер құрайды – 0% , 100% - 3 жылға дейін;

3.Тәрбиеленушілер контингенті

Мектепке дейінгі ұйым қызметін автоматтандыру «SmartNation Balabagsha» порталы арқылы жүзеге асырылады. Балалардың мектепке дейінгі ұйымға түсуі «SmartNation Balabagsha» бағыты бойынша жүргізіледі. Әрбір балаға жеке іс рәсімделеді, оның құрамына: жолдама, баланы МДҰ-ға қабылдау туралы ата-ананың өтініші, МДҰ мен ата-аналар арасындағы шарт, педиатр-дәрігердің анықтамасы тіркеледі. Балалардың тізіміне сәйкес барлық жеке істер бар. Жолдамаларды тіркеу журналдары, балалар қозғалысы кітабы, балалар қозғалысы бойынша бұйрықтар, өтініштерді тіркеу журналы, ата-аналар шарттарын тіркеу журналы жүргізіледі. 2023-2024 оқу жылында «INDIGO» порталы арқылы жүзеге асырылады. Шағын орталық 50 бала қамтылған 3- жас тобы жұмыс істейді. Топтардың жұмыс тәртібі сағат 7.30-ден 18.00-ге дейін. Мектепалды даярлық сыныбы 09.00-12.00-ге дейін жұмыс жасайды. 20-балаға қамтылған.

Жалпы шағын орталық бойынша стандартқа сай тәрбие-оқу жұмыстары жоспар бойынша орындалып отырылды. Шағын орталық бойынша 3 топ жұмыс істейді, оның ішінде аралас кіші, ортаңғы “Күншуақ”тобында 15 бала, аралас ортаңғы, ересек “Балдырған” тобында 16 бала, ересек “Достық” тобында 17 бала тәрбиеленуде, мектепалды даярлық сыныбында 19 бала тәрбиеленуде.

Балалардың тізімдік құрамы

Жас құрамы	2021-2022	2022-2023	2023-2024
Топтар саны	2	2	3
Аралас кіші, ортаңғы, топ	17	20	16
Аралас ортаңғы, ересек топ	16	20	16
Ересек	0	0	17

Тәрбиеленушілердің жынысы туралы мәлімет

Жас құрамы	2021-2022	2022-2023	2023-2024
Топтар саны	2	2	3
Ұлдар	18	21	28
Қыздар	15	19	21

Осы үш жылдықта ұлдардың саны қыздарға қарағанда басым екені байқалды.

Мектепалды даярлық сынып балалардың тізімдік құрамы

Жас құрамы	2021-2022	2022-2023	2023-2024
Топтар саны	1	1	1
Мектепалды даярлық сынып	16	16	19

Мектепалды даярлық сынып жынысы туралы мәлімет

Жас құрамы	2021-2022	2022-2023	2023-2024
Топтар саны	1	1	1
Ұлдар	7	7	9
Қыздар	9	9	10

Осы үш жылдықта қыздардың саны ұлдарға қарағанда басым екені байқалды.

Тәрбиеленушілердің ұлттық туралы мәлімет

Жылдар	2021-2022	2022-2023	2023-2024
Барлық бала саны	33	40	49
Орыс	0	0	0
Өзге ұлт	0	0	0
Қазақ	33	40	49

Мектепалды даярлық сынып тәрбиеленушілердің ұлттық туралы мәлімет

Жылдар	2021-2022	2022-2023	2023-2024
Барлық бала саны	16	16	19
Орыс	0	0	0
Өзге ұлт	0	0	0
Қазақ	16	16	19

Тәрбиеленушілердің барлық саны қазақ ұлтының балалары,

4. Оқу-әдістемелік жұмысы

Шағын орталықтың әдістемелік жұмысы білім беру-тәрбие процесін жетілдіруге, балалардың жеке ерекшеліктері мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, олардың жеке басының үйлесімді дамуына жағдай жасауға, кәсіби шеберлігін жетілдіруге және жаңа буын педагогтарын қалыптастыруға, инновациялық қызметті дамытуға бағытталған. Ол мониторингтік зерттеулер, оқу-білім беру процесі қызметінің әлсіз және күшті жақтарын анықтау, озық педагогикалық тәжірибені, білім берудің заманауи технологиялары мен мектепке дейінгі білім беру саласындағы инновацияларды енгізу негізінде негізделеді. Шағын орталықтың жылдық жұмыс жоспарына және даму бағдарламасына сәйкес әдістемелік жұмыстың негізгі бағыттары айқындалды.

Басқаруды ұйымдастыратын жұмысты бақылайтын педагогикалық кеңес, шығармашылық бірлестіктер болып табылады.

Жұмыс оқу жоспарлары мен сабақ кестелері әрбір білім беру жылына арналған «Білім берудің барлық деңгейлерінде мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығына (ҚР БҒМ 2020 жылғы 5 мамырдағы № 192 бұйрығына 1 қосымша) сәйкес жасалады, үлгілік оқу бағдарламасы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы» ҚР БҒМ 2016 жылғы «12» тамыз № 499 бұйрығы (ҚР БҒМ және министрінің 2020 жылғы 24 қыркүйектегі № 412 бұйрыққа 1 қосымша), үлгілік оқу жоспары «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығы негізінде атқарылады. Мектепке дейінгі мекеменің оқу жоспарларымен құжаттары басшымен бекітілген. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5 және 14-баптарына, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 5 тамызда № 29031 болып тіркелді) талаптарына сәйкес әзірленді.

Педагогтердің перспективалық жоспарлары, әдіскермен келісіледі және шағын орталықтың басшысымен бекітілген. Оқу сағаттарының саны жұмыс оқу жоспары мен ұйымдастырылған оқу қызметінің сағаттарының санына сәйкес келеді. Ұйымдастырылған іс-әрекет күн сайын жүргізіледі.

Шағын орталық тәрбиешілері өз жұмысында мектепке дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеудің үлгілік оқу бағдарламасын басшылыққа алады. Бағдарлама бес білім беру саласын қамтиды: «**Физикалық қасиеттерді дамыту**» «**Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту**», «**Коммуникативтік дағдыларды дамыту**», «**Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту**», «**Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру**», және мектеп

жасына дейінгі баланың әлеуетін ашуға, танымдық қабілеттерін, жеке бейімділіктерін, балалардың қызығушылықтары мен қажеттіліктерін дамытуға бағытталған.

Оқу бағдарламасы екі компоненттен тұрады: инвариантты, вариативті.

Жылдық тапсырмалар негізінде вариативті компоненттердің оқу бағдарламалары қаралады және таңдалады. Педагогтердің жұмыс әрекеті мақсаттары мен міндеттері мемлекеттік білім беру стандартына сәйкес, балалардың құзыреттіліктерін дамытуға бағытталған.

Циклограмма тәрбиеленушілердің мектепалды даярлық сыныбында болу уақытына жасалады. Мектепалды сыныптарда таңертеңгі қабылдау, таңертеңгі жаттығу, балалар әрекетінің түрлері (ойын, шығармашылық, танымдық, эксперимент жасау, дербес және т. б.), серуендеу, жеке жұмыс, сондай-ақ Үлгілік оқу жоспарына сәйкес кесте бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет өткізіледі

Циклограмма жасау кезінде перспективалық жоспарда ұсынылған міндеттерді іске асыру үшін балалардың түрлі әрекеттері айқындалады. Балалардың түрлі әрекеттерін ойын түрінде ұйымдастыруда балаларға тапсырмалар жасына сәйкес беріледі.

Циклограмманың «ұйымдастырылған іс-әрекет» бөлімін құрастыруда алдымен тақырыбы егер болған жағдайда, ал тақырып болмаған кезде ойын немесе әрекет түрлері жазылады. Содан кейін перспективалық жоспарда айқындалған міндеттерді іске асыру үшін әр күнге кіріктірілген ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері айқындалады.

2021-2022 оқу жылы

№	Жас кезендері		Жүктеме
1	Ортаңғы топ (3-4жас)		1 сағат
2	Аралас ортаңғы, ересек топ (3-4, 4-5 жас)		1 сағат

2021-2022 оқу жылында ортаңғы топта 1 сағаттан, «Саусақ ойындар» – 36 сағат; ортаңғы топта жалпы 1 сағат, «Ұлттық ойындар» 1 сағаттан- 36 сағат; ересек топта жалпы «Өлкетану» 1 сағаттан- 36сағат.

Мектеп жасына дейінгі ересектер тобындағы балалардың жас ерекшеліктері мен мүмкіндіктеріне сәйкес туған жеріне деген рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру, өз өлкесінің тарихы, мәдениетімен таныстыру; жалпы адамзаттылық, ұлтжандылыққа тәрбиелеу .

2021-2024 оқу жылы

Жылдар	Жас кезеңдері	Жүктеме	Вариативтік компонент
2021-2022	Мектепалды даярлық топтары (5-6 жас)	3- сағат	Өлкетану Логика Оригами
2022-2023	Мектепалды даярлық топтары (5-6 жас)	1-сағат	Өлкетану
2023-2024	Мектепалды даярлық топтары (5-6 жас)	1-сағат	Өлкетану

2021-2022 оқу жылында мектепалды даярлық сыныпта 1 сағаттан «Өлкетану» – 36 сағат, 1-сағаттан «Логика» -36 сағат, 1-сағаттан «Оригами» - 36 сағат

2022-2023 оқу жылында мектепалды даярлық сыныпта 1 сағаттан «Өлкетану» – 36 сағат.

2023-2024 оқу жылында мектепалды даярлық сыныпта 1 сағаттан «Өлкетану» – 36 сағат.

5.Оқу- материалдық активтер

Шағын орталықтың материалдық - техникалық базасының жағдайы педагогикалық талаптарға, білім деңгейіне және санитарлық нормаларға сәйкес келеді. Қабылдау бөлмесі, дезерітінді дайындауға арналған бөлме, кір жуатын бөлме, топтардың санына сәйкес жатын бөлмелер.

Топ бөлмелері балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес жиһаздармен жабдықталған. Әрбір топта ойын, жатын, қабылдау және жуынатын бөлмелері бар. Сан ПИН талаптарына сәйкес келеді. Тәрбиешілердің күшімен орталықтар стандартпен, типтік бағдарламаның талаптарына, балалардың жасына сай үнемі толықтырылып отырады.

Шағын орталық безендіру талаптарға сәйкес келеді, мемлекеттік тілде жүргізіледі, бірыңғай стильде жасалған, Мемлекеттік рәміздер стендтері, оқу-әдістемелік, ақпараттық және т.б. бар

Шағын орталық үй-жайларының шаршы метрінің көрсеткіші

Кабинет атауы	2021-2024
Ойын бөлмесі	83,1 кв.м
Жатын бөлме	88,4 кв.м
Қабылдау бөлмесі	49,8 кв.м
Кір жуатын бөлмесі	22,6 кв.м
Дәретхана бөлмесі	15,1 кв.м

Қорытынды: МДҰ-дың қаржылық-шаруашылық әрекеті ұйымның Жарғысы негізінде Қазақстан Республикасының нормативті-құқықтық құжаттары негізінде жүзеге асырылады.

6. Ақпараттық ресурстар және кітапхана қоры

Шағын орталықта баланың айналасында, ол өмір сүретін және білім алатын арнайы заттық- дамытушы ортасы құрылған. Бұл орталарда мектепке дейінгі жастағы бала жан - жақты дамиды, сезімталдық қабілеттері қалыптасады, өмірлік тәжірибе жинайды, түрлі заттар мен құбылыстарды реттеуге және салыстыруға үйренеді.

Ерте жастағы балаларды педагогтер заттар әлеміне енгізеді, олардың қызметі мен не үшін арналғандығымен таныстырады, қоршаған ортаны тануға бағытталған іс-әрекеттерін ынталандырады.

Осыған байланысты, күннің кез-келген уақытында өз қалауынша бала заттармен әрекет етуге, ойнауға қозғалу мүмкіндігіне ие болатын заттық - ойын дамытушы ортасымен барлық топтар дұрыс қамтамасыз етілген. Сол себепті, заттық дамытушы орталықтарды қозғалыс белсенділігін қажет ететін ойыншықтармен және жабдықтармен қамтамасыз етіп, олардың орындарын жиі ауыстырып, санитарлық өңдеу тәртібі сақталады. Баланың қолы жететін жерде дидактикалық ойын материалдары орналастырылып, «Желілі -рөлдік ойындар бұрышы», «Сенсорлық ойындар бұрышы», «Табиғат бұрышы», «Құм және су» «Кітап бұрышы», «Сәндену бұрышы» «Театр бұрышымен» жабдықталған.

Мектепке дейінгі мекеменің барлық топтардағы заттық - дамытушы орталары білім беруші, дамытушы, ынталандырушы, ұйымдастырушы, тәрбиелеуші, коммуникативтік функцияларын атқарады. Заттық - дамытушы орта балалардың жан - жақты дамуын қамтамасыз етеді, білім беру үдерісінің біртұтастылық қағидатына сай келеді.

Топтардың кеңістігі қауіпсіз материалдармен жабдықталған, орталықтарға бөлінген аймақтар ұйымдастырылған. Барлық пәндер мен материалдар балаларға қол жетімді, бұл мектеп жасына дейінгі балаларға өздері үшін қызықты іс-шараларды таңдауға, оларды күні бойы ауыстыруға мүмкіндік береді, ал педагог балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оқу процесін тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Барлық жас топтарында даму орталықтары бар: рөлдік ойындарға арналған бұрыш, кітап бұрышы, үстел - баспа ойындарына арналған аймақ, көрме (балалар суреті, балалар шығармашылығы, халық шеберлерінің бұйымдары), табиғат бұрышы (табиғатты бақылау), спорт бұрышы, эксперименттік іс-әрекетке арналған бұрыш, ойын бұрышы (құрылыс материалы бар ойындарға арналған), ұлдарға, қыздарға арналған бұрыш, театр бұрышы, балалардың өзіндік іс-әрекетінің әртүрлі түрлеріне арналған бұрыштар – дизайн, бейнелеу, музыка, кітап оқу, конструкциялары бар ойын орталығы, сонымен қатар рөлдік ойындарға арналған дайын жиһаз құрылымдары: ас үй, шаштараз, ателье, пошта бөлімшесі, дәріхана, аурухана.

Оқыту және тәрбиелеу бағдарламаларына сәйкес дидактикалық ойындардың жиынтығы, өтпелі тақырыптар бойынша демонстрациялық материалдар, барлық салалар бойынша картотекалар, оқу құралдары, дамытушы ойындар, театрдың әр түрлі түрлері, кітаптар, сюжеттік-рөлдік ойындарға арналған жабдықтар, сюжеттік картиналар, "Жыл мезгілдері", "Жануарлар", "Біздің балалар", "Көлік", пейзаждық картиналар, ересектердің еңбегі туралы иллюстрациялар және т. б. бар.

Әр топта материалдармен, қозғалыс белсенділігіне арналған жабдықтармен, қимыл ойындарына арналған атрибуттар, "Денсаулық жолдарымен" және т. б. жабдықталған "Қозғалыс белсенділігі", "Шынығу" орталықтары бар.

Жұмыс туралы қорытынды:

1. Шағын орталықта баланың үйлесімді дамуына ықпал ететін әр түрлі іс-әрекеттегі балалардың танымдық дамуы мен белсенділігін ынталандыратын даму ортасы толық, стандарт негізінде құрылған.
2. Заттық - дамытушылық орталар баланың жас және жеке даму ерекшеліктері бейімделінген.
3. Қозғалыс белсенділігінің, салауатты өмір салтын қалыптастыруға жағдайлар жасалған.

7. Тәрбиеленушілердің білімдерін бағалау

Бағдарламалық материалды игеру мониторингі мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларын дамыту мониторингі бойынша әдістемелік ұсынымдарға сәйкес жүргізіледі. Педагогтар танымдық, эмоционалдық, мінез-құлық саласын жандандыруға, шығармашылық дербестікті дамытуға бағытталған түрлі құралдар мен балаларды тарту және зейінін шоғырландыру тәсілдерін пайдаланатынын көрсетті. Балалармен педагогикалық іс-әрекетті ұйымдастыру және жүргізу кезінде гигиеналық талаптар сақталған (балаларды отырғызу, жарықтандыру, желдету және т.б.).

Мониторинг нәтижелері баланың денсаулық сақтау, коммуникативті-тілдік, танымдық, шығармашылық және әлеуметтік дағдыларды игеруін және дамудың жаңа міндеттерін ескере отырып, одан әрі педагогикалық процестің болашағы анықталады.

Баланың әр күзiреттiлiгiнiң дамуын үш деңгей (бiрiншi деңгей – бала қандай да бiр әрекеттi қайта жаңғырықтырады, екiншi деңгей – бала не iстегенiн түсiнедi, үшiншi деңгей – бала ненi бiлсе, соны қолданады) бойынша қадағаланып индикатор жүйесi пайдаланды.

Балалардың біліктері мен дағдыларының тізімі

	Мектепке дейінгі жас				Мектепалды топтар					
	Кіші тобы (2 жастан бастап)		Ортаңғы тобы (3 жастан бастап)		Ересек тобы (4 жастан бастап)		Мектепке дейінгі жас тобы (5 жастан бастап)		Барлығы % қамтылған	
	Топ тар саны/ балалар саны	Дағдылары қамтыған балалар саны %*	Топтар саны/ балалар саны	Дағдылары қамтыған балалар саны %*	Топ тар саны/ балалар саны *	Дағдылары қамтыған балалар саны %*	Топтар саны/ балалар саны*	Дағдылары қамтыған балалар саны %*	Топ тар саны/ балалар саны*	Дағдылары қамтыған балалар саны %*
2021- 2022	1/11	11/22%	2/10	10/20%	1/12	12/25%	1/16	16/33%	3/49	49/100%
2022- 2023	1\11	11/19%	2/13	13/23%	2/16	16/29%	1/17	16/29%	3/56	57/100%
2023- 2024	1/12	12/18%	2/17	17/26%	2/19	19/28%	1/19	19/28%	4/67	67/100%

Мониторинг нәтижелері баланың денсаулығын сақтау, коммуникативті-тілідк, танымдық, шығармашылық, әлеуметтік дағдыларды игеруін және дамудың жаңа міндеттерін ескере отырып, одан әрі педагогикалық процестің болашағын анықтаумен іске асырылуда.

Балалардың әр құзыреттілігінің дамуын 3 деңгей бойынша қадағаланып индикатор жүйесі пайдаланады.

Қорытынды: бағдарламалық материалды игеру мониторингі мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларын дамыту мониторингі бойынша әдістемелік ұсынымдарға сәйкес жүргізіледі және педагогтер танымдық, эмоционалдық, мінез-құлық саласын жандандыруға, шығармашылық дербестікті дамытуға бағытталған түрлі құралдар мен балаларды тарту және зейінін шоғырландыру тәсілдерін пайдаланатыны анықталды.

9.Кемшіліктер мен ескертулер, оларды шешу жолдары

1. Кадр құрамында базалық (мектепке дейінгі) білімі жоқ, жоғары педагогикалық білімі бар педагогтер бар.
2. Біліктілігін арттыру үшін жаңа форматта аттестаттаудан өткен педагогтар жеткіліксіз.
3. Түзету және дамыту жұмыстары үшін оңтайлы құралдар мен әдістердің кең таңдауын қамтамасыз ететін тиімді педагогикалық технологияларды қолдану.

Шешу жолдары

1. Жоғары оқу орындарында жоғары мектепке дейінгі білім алу қажеттілігі туралы педагогикалық кадрлармен түсіндіру және үгіт жұмыстарын жүргізу;
2. Жаңа форматта аттестаттаудан өту үшін педагогтерді даярлау бойынша түрлі әдістемелік жұмыстар жүргізу. Педагогтердің кәсіби білімі мен дағдыларының деңгейін арттыруға, заманауи педагогикалық технологияларды игеруге деген қажеттілігін, қызығушылығын және мотивациясын ынталандыру.
3. Ойын, жаттығу және оқу элементтерін біріктіре отырып, әр түрлі іс-шараларда балалардың қозғалыс белсенділігі режимін ұйымдастырудың әртүрлі формаларын қолдану.

10. Қортынды мен ұсыныстар

1. "Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту" мамандығы бойынша жоғары оқу орындарына түсу арқылы жоғары білімі бар педагогтердің үлесін арттыру.
2. Педагогтердің кәсіби конкурстарға қатысуға және тәрбиеленушілердің республикалық және облыстық олимпиадалар мен турнирлерге қатысуына тарту, шебер - класстар, коучингтер өткізу, облыстық және аудандық семинарларға қатысу арқылы, кәсіби конкурстарға, ғылымипрактикалық конференцияларға қатысу арқылы, "Өрлеу" БАҰО АҚ курстарынан өту арқылы жаңа форматта біліктілік санатын алудағы үлесін арттыру
3. Педагогтерге әртүрлі деңгейдегі кәсіби шеберлік конкурстарына қатысуға жәрдемдесу. Эссе жазу, қызмет нәтижелерін кешенді талдамалық жалпылау, ПББ өту бойынша кеңестер,